



# Студенттер мен ата-аналарға арналған басшылық

## ОРТА МЕКТЕП Орта мектеп бағдарламасы

2012-2013  
оқу жылы



Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.



Құрметті ата-аналар мен студенттер!

Студенттеріміз және олардың ата-аналарын жаңа оқу жылында мектебімізде қарсы алуға шын жүректен қуаныштымыз. Мектебіміздің барлық жаңа студенттеріне, ата-аналарына Алматы қ. «Мирас» мектебіне қош келіпсіздер дейміз!

Бұл анықтамалық басшылық Халықаралық «Мирас» мектебінде МҮР бағдарламасы бойынша оқып білім алу барысында Сіздерге және балаларыңызға ары қарай көмек беретін ақпаратты қамтиды. МҮР бағдарламасы бойынша МҮР үйлестірушілері мен басқарушыларына сұрақтарыңызды қойып, жауаптарын таба аласыздар. Біз Сіздерді қызықтыратын сұрақтардың бәріне жауап беруге және ұсыныстарыңызды тыңдауға үнемі дайынбыз.

Сіздердің назарларыңызға оқу бағдарламасының (Curriculum Outlines) жалпы құрылымы беріледі, мұнда әр пән саласы бойынша күтілетін нәтижелер көрсетілген, сондай-ақ қолыңыздағы басшылық сабақ беру әдістемесі, оқыту және бағалау жүйесіне қатысты да ақпаратты құрайды.

Бәріңізге осы оқу жылында ең ізгі тілектер тілейміз!

Құрметпен,

Орта мектеп бойынша директорлық орынбасары  
Нил Крик

## Халықаралық «Мирас» мектебінің мүддесі

Алматы қ. «Мирас» мектебі Халықаралық Бакалавриат Стандарттарын Қазақстан Білім беру бағдарламасының ең озық элементтерімен кіріктіру негізінде үш тілде оқытудың бірінде жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз етеді. Мектептің негізгі мақсаты – студенттерді жасампаз өмір сүруге, басқа халықтардың мәдениеті мен дәстүрлерін бағалауға және құрметтеуге үйрету, сондай-ақ жауапкершілікті азамат болуға және әлемдік қауымдастық тағдырына өзінің қатысы барлығын сезінуге дайындау.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАКАЛАВРИАТ (ІВ)

Халықаралық Бакалавриат Ұйымы басқа халықтардың мәдениеті мен дәстүрлерін бағалауға және құрметтеуге негізделген лайықты әлемді құруға қабілетті, үйренуге құштар, сауаты жоғары және қағылез жастарды тәрбиелеуге үлес қосады.

Ұйым мектептермен, үкіметтермен, түрлі халықаралық ұйымдармен халықаралық білім берудің жоғары стандарттарын және дұрыс бағалаудың жүйесін әзірлеу мақсатында ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Халықаралық Бакалавриат Ұйымы Бағдарламалары оқушылардың белсенді өмірлік орны бар тұлға болуға, өмір бойы білім алуға ұмтылатын, өзінің көзқарасынан айырмашылығы бар көзқарастарды сыйлай білетін, сүйіспеншілік пен төзімділік танытатын тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

### Халықаралық «Мирас» мектебіне (Алматы қ.) қош келіпсіздер!

Балалардың оқып білім алуы үшін жасалатын қолайлы жағдай ата-аналар және студенттермен болатын ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылады. Құрметті ата-аналар, мектеп өміріне қатысты сіздердің тараптарыңыздан болатын ұмтылыстарыңызға ризашылық білдіреміз. Қолдарыңыздағы Басшылық күнделікті мектеп өмірі туралы, Халықаралық Бакалавриат Ұйымы және оның бағдарламалары туралы сіздерді қызықтыратын сұрақтарға жауап тауып беруге көмектеседі. Осы құжат мәтініндегі RTS - орыс тілді бағдарлама ретінде, KTS – қазақ тілді бағдарлама ретінде, ал ETS – ағылшын тілді бағдарлама ретінде оқылады.

## Мазмұны

Кіріспе.....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Мектептің стратегиялық мақсаттары .....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Студент келбеті .....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Орта мектептің құрылымы .....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Орта мектептегі мектеп күнінің кестесі .....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Сыныптан тыс жұмыс .....	13
Мерекелер, шаралар, семинарлар .....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Ата-аналарды ақпараттандыру.....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>

Мұғалімдер мен ата-аналар қауымдастығы (РТА).....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Мектеп киім үлгісі.....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Саяхаттар.....	16
Денсаулықты қорғау.....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Студенттік кеңес.....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Оқу жоспары.....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Негізгі мектептің Халықаралық Бакалавриат (МҮР) Бағдарламалары.....	18
МҮР бағдарлама құрылымы.....	19
МҮР оқу жоспарының моделі.....	19
Өзара әрекеттесу салалары.....	19
Дербес жоба.....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Сынып жетекшілігінің бағдарламасы.....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Оқу жоспары туралы көбірек білейік.....	22
Бағалау стратегиялары мен құралдары.....	23
Ұстанымдары бойынша бағалау.....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Пән бойынша бағалаудың 7 ұпайлық межесімен қорытынды бағаларды қою.....	24
МҮР бағдарламасындағы үй тапсырмасын орындау.....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
МҮР сертификаты.....	28
ІВ тіркеу жарнасы.....	28
<b>Емитихандар.....</b>	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Студенттердің оқу үлгерімі туралы есептер.....	29
Академиялық шыншылдық.....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Заңсыз әрекеттер.....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
МҮР мұғалімдер құрамы.....	33
2011-12 оқу жылына арналған МҮР/DP бағдарламалары бойынша мұғалімдер құрамының тізімі:.....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Сынып жетекшілері.....	<b>Error! Bookmark not defined.</b>
Пән бойынша ұстанымдар.....	34
Байланыстар:.....	36
Мектеп күнтізбесі.....	40

## Кіріспе

Халықаралық Бакалавриат әзірлеген МҮР (негізгі мектеп бағдарламасы) мектептің 6-10 оқушыларына (6-10 сыныптар) аталған бағдарлама бойынша табысты оқи отырып, ІВ Дипломдық Бағдарлама бойынша оқуға немесе Қазақстандық бағдарлама бойынша 11-ші сыныпта оқуға дайындалуға мүмкіндік береді. МҮР бағдарламасы ҚР Білім Министрлігінің бекіткен Қазақстандық стандарттарымен толық кіріктірілген.

Бұл басшылық Халықаралық «Мирас» мектебінің (Алматы қ.) ІВ МҮР бағдарламасына кіріспе ретінде пайдаланылады, мұнда пәндер, бағалау жүйесі және бағдарламаны аяқтаған соң құжат алу туралы ақпараттар беріледі.

«Мирас» сіздердің назарларыңызға МҮР бағдарламасы аясындағы пәндер саласының қатарын, сондай-ақ әр студентті оқытуға деген тұтастай жасалатын қадамдарды жүзеге асыру үшін әзірлеген «Қоғамға қызмет ету» Өзара Әрекеттесу Саласы бойынша сыныптан тыс шараларды ұсынады.

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

## **Оқыту процесі кезінде біз сүйенетін ұстаным-сенімдер**

«Мирас» – бастауыш мектеп бағдарламасын (РҰР), негізгі мектеп бағдарламасын (МҰР) және Дипломдық бағдарламасын (DP) ұсынатын ІВ халықаралық мектебі. Төмендегі атап көрсетілген ережелер мектеп Мүддесіндегі шешуші және студенттер мен мұғалімдердің атқаратын жұмыстарындағы негізгі міндеттері болып табылады.

Біздің бағдарламалар төмендегі сенімдерге негізделген:

### **Студентті дамыту**

Білімді тұтастай беру студентті әлеуметтік, зияткерлік, физикалық және эстетикалық тұрғыда дамытады, өз кезегінде тез құбылып отыратын әлемдегі өмір жағдайына тез бейімделіп дайындалуға көмектеседі. «Мираста» студенттер қамқорлық, қоғамдық өмірге араласу, айналасындағыларды сыйлау, басқа мәдениеттер мен тұтас әлемге құрметпен қарау сияқты дағдылар мен қабілеттерін дамытады.

### **Әлеуметтік және мәдени кіріктіру**

Мектеп қауымдастығы адамның мәдени ерекшелігі мен құқықтарына құрметпен қарайды. Халықаралық Бакалавриат бағдарламада барлық студенттер біртұтас болып келген халықтар қауымдастығының бір бөлшегі ғана болып табылады, осының негізінде түрлі мәдениеттерді терең түсіну, құрметтеу, сондай-ақ төзімділік қарым-қатынасын дамыту ісі жатыр. Біз қазақ тілін оқып үйренудің қаншалықты маңызды екендігін түсінеміз және қазақ тілін меңгеру деңгейін ары қарай жетілдіруге ұмтыламыз.

### **Алынған білім және оқытудың тегеурінді мүмкіндіктері**

Мектептегі сапалы білім беру жүйесі әр студентті оның тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты оқытумен қоса, жеке қабілеттерді дамытуға және алдағы уақытта оқушы тегеурінін толық мөлшерде дамытуға ынталандыратын алынған білімнің түбегейлілігіне негізделеді.

### **Перспективті оқу жоспары**

Мектептің ең сапалы оқу бағдарламалары студенттердің жеке қабілеттерін ескеретін заманауи оқыту әдістемелеріне негізделген. Бұл әдістемелер студент бойында білуге құштарлығын, шығармашылық қабілетін, күрделі жоғары стандарттан тыс міндеттерді шешуге бағытталған зияткерлік дағдыларын, сынау көзқарасының болуы, әрі өз бетінше ойлану қабілеттерін дамытуға зор септігін тигізеді.

### **Мұғалімдер құрамы**

Халықаралық «Мирас» мектебінің барлық ұстаздары – әр білім алушыға бойындағы тегеурінін толық ашуға, олардың қабілеттерінің мектепте, сондай-ақ тұтастай алғанда қауымдастық ішінде дамытуға көмектесе алатын кәсіби біліктілігі жоғары мамандар. «Мирас» мектебінің педагогикалық ұжым мүшелері кәсіптік деңгейінің өсуіне ұдайы көңіл бөліп отырады.

### **Мектеп қауымдастығы**

Халықаралық мектеп - бірлесе атқарған жұмыстарын белсенді азаматтық көзқарастағы студентті дамытуға бағыттаған ұстаздар мен көмекші қызметкерлер құрамының, ата-аналар мен оқушылардан тұратын мықты да ұйымшыл бірлестігі. Біз барлық студенттеріміздің ата-аналарын ынтымақтастықта болуға шақырамыз.

### **Команда ішінде жұмыс істеу**

Мектеп әкімшілігі, ұстаздар, студенттер мен ата-аналар әр студенттің нақты білім нәтижелеріне қол жеткізуі үшін бірлесе жұмыс істеп, ортақ күштерін бағыттайды.

### **Қорлар**

Халықаралық “Мирас” мектебінде қауіпсіздік шаралары мен оқытудың жайлы ортасын жасауға кепілдеме береді, оқу процесін тартымды етеді және алға қойған міндеттерге қол жеткізу үшін оқу бағдарламасының алуан түрін қолданады.

### **Мектептің қысқаша тарихы**

Алматы қаласы, Халықаралық “Мирас” мектебі “Нұрсұлтан Назарбаев Білім беру Қоры” Қоғамдық қорының филиалы болып табылады. Мектеп 1999 жылы Қазақстан Республикасында білім берудің жаңа моделін жасау мақсатымен құрылған. Халықаралық “Мирас” мектебі, бұл - тәжірибе алаңы. Халықаралық “Мирас” мектебі ҚР Білім және Ғылым министрлігімен бірге Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне ену мәселесі бойынша алға қойылған міндеттерді табысты түрде жүзеге асырып отыр. Қазіргі кезде мұнда 600 студент оқып, білім алуда, олардың ішінде 20 %-ы шетелдік студенттер.

**Бүгінгі таңда Халықаралық “Мирас” мектебі алдына қойған мақсаттарға қол жеткізді, атап айтқанда:**

- Халықаралық Мектептер Кеңесінің аккредитациясы (CIS),
- Еуропа Халықаралық Мектептер Кеңесінің мүшелігіне өту
- ЮНЕСКО мектептерінің қауымдастығына өту
- Орта білім туралы Халықаралық Жалпы Сертификат (IGCSE) NEASC бойынша Кембридж университеті Модерациялау Орталығының аккредитациясы
- ІВ үш бағдарламалары бойынша авторизациясы.

### **Мектептің стратегиялық жоспары**

Стратегиялық жоспар мектептің мүддесі мен философиясы негізінде жасалды және мұнда мектеп қызметіне сараптама жасау және соңғы үш жылдағы табыстар және 2007- 2010 оқу жылдарына дейінгі стратегиялық жоспарларды қамтиды.

Мектепті дамытудың негізгі мақсаттары:

1. Қормен бірлесе отырып, мектептің мәртебесін мойындау үшін атқарылатын жұмыстар:
  - Қазақстандағы халықаралық мектептер стандарттарына сәйкес келуі;
  - Қазақстандағы халықаралық мектептердегі он екі жылдық білім беру моделін дамыту және іске асыру;
2. Мемлекеттік және халықаралық білім беру ұйымдары талаптарына сәйкес келуі;
3. Әр түрлі тілде оқыту ортасын құру және тіл саясатын ары қарай іске асыру;
4. Ортақ мақсатқа жету үшін Қормен бірлесіп атқаратын бірлескен жұмыс - Қазақстанда ІВ Дипломының мойындалуы;
5. Маман саясатын жетілдіру және мектеп қызметкерлерін көтермелеу жүйесі;
6. Оқу жоспарын жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау;
7. Халықаралық және Қазақстан оқу ұйымдары және университеттерімен байланысты нығайту.

### **Халықаралық Бакалавриат**

Халықаралық «Мирас» мектебі Халықаралық Бакалавриаттың үш бағдарламасы –бастауыш мектеп бағдарламасы, орта мектеп бағдарламасы және Дипломдық бағдарлама бойынша аккредиттелген әлемдегі 112-ші мектептің бірі болып саналады. «Мирас» ІВ үш бағдарламасы (Халықаралық

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

Бакалавриат) бойынша оқытатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы (CIS) үш мектептің бірі болып табылады.

### **Студент Келбеті**

Халықаралық Бакалавриат (IB) - үш бағдарламасына қарағанда барынша сыйымдылығы кең түсінік. Біз оқыту құралдары арқылы әлемдік қоғамдастықты жетілдіруді мақсат етеміз.

*Біз мәдениетаралық түсіністікті және құрметті дамытамыз, оқытудың қолайлы жағдайының мен интернационалдық сана-сезімді 21 ғасырдың тұлғасының қалыптасуына барынша жағдай жасаймыз.*

**Вебсайт IB: [www.IB.org](http://www.IB.org)**

Осының барлығы Мектеп Мүддесінің ажырамас бөлігін құрайды. IB оқу мақсаттарының қатары әзірленді, олар тұтастай алғанда IB студентінің Келбетін сипаттайды. Төменде сипаттамалардың тізімі берілген, олар

*...білім берудің жаңа қырын көрсетеді, бұл сипаттамалар мектеп пен мұғалімдер жұмысына серпін береді, ынталандырады және жинақтап көрсетіп береді.*

*Студент Келбеті IB өзінің бағдарламалары арқылы дамытатын студент сапасын анықтап береді.*

*IB бағдарламасы зиякерлік, жеке дара, әлеуметтік өсуге баса назар аудара отырып, тұлғаның тұтастай қалыптасуына ықпал етеді. IB білім мен дағды жиынтығын, сондай-ақ тұлғаның тәуелсіз, жаңашылдық, сын тұрғысынан ойлана білуі және жан-жақты дамуын негізге ала отырып, студенттің келешектегі өмірінде белсенді, әрі жауапкершілікті терең сезінетін азамат ретінде басшылыққа алатын ұстанымдардың басын біріктіреді.*

*Үш бағдарлама адамның үздіксіз білім алуы концепциясында біріктірілген. Студент Келбеті, бұл – өмір бойы білім алуға ұмтылатын және оқуға даяр адамның келбеті. Басқаша айтқанда, Студент Келбетін қабылдағанда, мінсіз студентті тәрбиелеу емес, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін өмір бойы жасалатын саяхат картасы деп қабылдау керек.*

*IB бағдарламасының мақсаты - планетадағы тіршілікке саналы түрде қарайтын, жетілген әлемді құруға қатысатын адамдарды дамыту.*

*2006 жылғы «IB Студентінің Келбеті» брошюрасы.*

**Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы оқушыларының бойында төмендегі қасиеттер болады:**

**Зерттеушілер.** Студенттер өз бойындағы табиғатынан қалыптасқан ізденімпаздық қасиетін дамытады. Олар мақсатты және құрылымды түрде зерттеу жұмысын жүргізу үшін қажетті дағдылар жинаған. Білім алуға құштар. Білімге деген сүйіспеншілігі студенттердің бойында өмір бойы сақталады.

### **Білгіштер.**

Студенттер түрлі концепциялар мен түсініктерді зерттейді. Олар зерттеу арқылы терең білім мен түсінігін дамытады.

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

**Ойшылдар.** Студенттер қиын проблемаларды шешу және негізді және этикалық дұрыс шешім қабылдау үшін сыншылдықпен ойлау дағдыларын іс жүзінде пайдаланады.

**Қарым-қатынасты жақсы жасаушылар.** Олар түрлі коммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, ой, пікірлер мен хабарларды қабылдап, өз ойларын бірнеше тілде сенімді және шығармашылықпен жеткізе алады. Олар өз жұмыстарының жоғары тиімділігіне қол жеткізеді және басқа адамдармен шын көңілімен ынтымақтастықта жұмыс істейді.

### **Ұстанымшыл**

Студенттер тура, әділ, дұрыс әрекет етеді, басқа адамға, топқа немесе қоғамға құрмет көрсетеді, дәрежелік танытпайды, өз әрекеті және олардың салдарына жауап береді.

### **Ашық-жарқын мінезділер**

Студенттер өз елінің мәдениеті мен тарихын түсінеді және бағалайды. Олар сондай-ақ басқа халықтардың құндылықтары мен дәстүрлерін түсінуге және құрметтеуге дайын. Олар түрлі пікірлер мен көзқарастарды іздестіру және бағалауға үйренеді. Қол жеткізген өмірлік тәжірибені негізге ала отырып өзінің жеке тұлғасын да өсіруді жүзеге асырады.

### **Қамқор**

Басқа адамдардың сезімі мен мұқтаждығына сезімталдық көрсетеді. Олар көмек қажет еткендерге қол ұшын беруге дайындығын көрсетеді, айналасындағы адамдардың өмірі мен қоршаған ортадағы тіршілікті жақсарту процесіне саналы түрде қатысады.

### **Шешім қабылдағыш**

Бейтаныс жағдайда қалған студенттер сенімді түрде, ешқандай үрейге берілместен, шешім қабылдай отырып, жаңа рөлді сомдауға көшеді. Олар өз сенімін батыл түрде қорғай алады.

### **Жан-жақты дамыған**

Студенттер өзінің және басқа адамдардың жақсы келешегі үшін өзінің физикалық, эмоциялық және ақыл-ой жағынан дамуының маңыздылығын түсінеді.

### **Сараптаушылар**

Студенттер өздерінің дұрыс нәтижелері мен қол жеткізген өмірлік тәжірибесін сараптайды. Олар оқу көрсеткіштерін жақсарту және одан ары қарай жетілдіруі үшін өздерінің мүмкіндіктері мен кемшіліктерін бағалауға және түсінуге қабілетті.

*2006 жылғы «ІВ Студентінің Келбеті» брошюрасы.*

### **Орта мектептің құрылымы**

Орта мектеп 3 бағыт бойынша жұмыс істейді:

- МҮР (Орта мектеп бағдарламасы) – 6-10 сын. (ETS & RTS) 6-9 сын. (KTS)
- ДР (Дипломдық бағдарлама) – 11-12 сын. (ETS)
- Қазақстандық бағдарлама – 11 сын. (RTS)

Әр параллельді немесе басқа да бағытты 3 сынып таныстырады (бір ETS және 2 RTS және KTS). Әр сыныпта 20-дан аспайтын адам болады, ерекше жағдайға байланысты студент саны 22-ге жетуі мүмкін.

<b>Орта мектептегі мектеп күні кестесі</b>	
<b>8.00 – 8.30</b>	<b>Түзету сабақтары (мұғалімнің ұсынуы бойынша)</b>



<b>8:30 – 8:40</b>	<b>Сынып сағаты, 10 мин</b>
8:40 – 9:20	1 сабақ
9:25 – 10:05	2 сабақ
<b>10:05 – 10:30</b>	<b>Танертеңгі ас, 25 мин</b>
10:30 – 11:10	3 сабақ
11:15 – 11:55	4 сабақ
12:00 – 12:40	5 сабақ
12:45 – 13:25	6 сабақ
<b>13:25 – 14:10</b>	<b>Түскі ас, 45 мин</b>
14:10 – 14:55	7 сабақ
15:00 – 15:45	8 сабақ
15:45 – 16:00	<b>Түстен кейінгі ас, 15 мин</b>
16:00-16:55	<b>Сыныптан тыс әрекет (Сс, Бс, Жм)</b>
Студенттер дүйсенбі және сәрсенбі күндері түстен кейінгі астан кейін қосымша сабақтары болмайтын болса үйлеріне қайтады.	

### **Сабаққа қатысу**

Сабаққа үнемі қатысатын студенттердің жақсы нәтижелерге жетері сөзсіз. Оқу жылын аяқтаған кезде студент мүмкіндігіне қарай сабақты жібермеуі тиіс және оқу жылы бойы студенттің сабаққа қатысуы 80%-ды құрауы тиіс. Отбасылық каникулдарыңыз бен кездесулеріңізді алдын ала жоспарлап қойыңыздар, бұл сіздің балаңыздың оқу кестесіне өзгеріс жасамауға мүмкіндік береді.

Студенттер мектепке 8:25-тен кеш қалмай келуі тиіс, бірінші сабақ 8:30-да басталады. Егер балаға түзету сабақтарына қатысу ұсынылған болса, онда оқушы мектепке сағ. 8.00-ге келуі тиіс, баланы сағат 8.00-ден ерте алып келмеулеріңізді өтініп сұранамыз, себебі сол кезге дейін олардың жүріс-тұрысын қадағалай алмаймыз. Студенттер мектепте 15:45-ке дейін болады, осы уақыт аралығында тек арнайы рұқсат қағазы бар студенттер ғана мектептен кете алады. Ата-аналар студенттерді 16.00-де, немесе баланың клубтар немесе секциялардағы сабақтары болса 17.00-ден кеш қалдырмай мектептен алып кетуі қажет. Ата-аналар оқу күні аяқталған соң студенттерді үйге қайтуын көлікпен қамтамасыз етулері және балаларды көрсетілген уақытта алып қайту жағдайын қарастыруы қажет.

(бұл жерде үйде өтетін сабақтар мен спорттық жарыстар ғана ерекшелікке ие, олар жайлы дене тәрбиесі кафедрасы алдын ала хабарлайтын болады).

### **Мұқияттылық**

Сабаққа ұдайы кешігу баланың және басқа да студенттердің сабақ үлгеріміне теріс әсерін тигізеді, сабақ үлгерімін төмендетеді. Мұғалімдер күнделікті 8:30-да студенттердің сабаққа қатысу есебін жүргізеді және осы мақсатқа арналған журналға тізімді жазады. Егер студенттер сабаққа жиі кешігетін болса, онда бұл жағдай тәртіп бұзушылық ретінде

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

қарастырылып, Мектептің тәртіп саясатына сәйкес студент жазасын алады. Кешігу саны үлгерім бойынша мектептің есебінде көрсетілетін болады.

**Егер сіздің күндізгі уақытта баланы үйге әкетуіңіз керек болса, онда бұл жөнінде сынып жетекшісін алдын ала хабардар етіңіз (студентті алып кету үшін сыныпқа сізді ертіп баратын адамсыз өзіңізге жеке баруға болмайды).** Студентке мектеп хатшысының берген рұқсат қағазын күзет қызметкеріне көрсету арқылы студенттің мектеп аумағынан шығуы жүзеге асырылады. Студенттерге әкімшіліктің рұқсатынсыз мектеп аумағынан шығуына тыйым салынады.

### **Сабаққа қатыспау**

Ата-аналар баласының қандай да бір себеппен сабаққа келмейтіні туралы мектеп хатшысын хабардар етуі тиіс. Егер ата-аналар мектепті алдын ала хабардар етпесе, онда мектептің өзі үйіңізге хабарласады. Ауырғанына байланысты сабаққа қатыспау себебі медициналық анықтаманың болуымен расталуы керек. Жиі сабаққа қатыспау және ұдайы бағдарлама талаптарын орындамау студентке қосымша тапсырмалар берілуіне немесе студентті екінші жылға қалдыру қаупіне алып келуі мүмкін. Студенттің сабаққа қатыспауы тәбілде немесе сәйкес хаттарда көрсетіледі.

### **Көлікті қою**

Сіз мектепке келген кезде көлігіңізді негізгі мектептің көлік тұрағына қалдырыңыз, өйткені көліктердің тұрағы үшін берілген орын саны шектеулі. Балаларды көліктен түсірген соң көлік жүргізушілері бірден әл Фараби даңғылына шығуы тиіс. Осы тәртіпті сақтау көшедегі таңертеңгілік көлік қозғалысына кедергі келтірмейді.

### **Мектепке қабылдау саясаты**

Мектепке Қабылдау Саясаты бекітілген «Студенттерді мектепке қабылдау тәртібі бойынша басшылықта» сипатталған. Студенттерді орналастыру олардың 1-ші қарашадағы толық жасын ескере отырып жүргізіледі.

### **Сынып**

### **Баланың 1-ші қарашадағы толық жасы:**

6 сын. – 11 жас	10 сын. – 15 жас
7 сын. – 12 жас	11 сын. – 16 жас
8 сын. – 13 жас	12 сын. – 17 жас
9 сын. – 14 жас	

Мектепке Қабылдау Саясаты мектепке түскісі келетін студенттердің барлығына бірдей мүмкіндік береді. Мектеп оқу бағдарламасына сәйкес келетін студенттерді қабылдайды.

Оқуға қабылдау мыналардың негізінде жүргізіледі:

- Түсу тестілеуінің нәтижелері,
- Келген мектептерінен үлгерім тәбілі мен мінездеме
- Студентпен жүргізілетін әңгімелесулер,
- Көрсетілген сыныптағы бос орын (сыныптағы студенттер саны 20-мен шектелген).

## Оқуға қабылдануға басымдылық жағдайы

Егер бос орын болатын болса және түсу тестілеуінен жақсы өтетін болса, онда басымдылық төмендегідердің пайдасына шешіледі

- «Нұрсұлтан Назарбаев білім беру Қоры»ҚҚ қызметкерлерінің балалары;
- Білім беру Қорының басқа мектептерінің студенттері (бұл жағдайда студенттер тек қана ағылшын тілі бойынша тестілеуден өтеді);
- «Білім беру Қоры» филиалдары қызметкерлерінің балалары үшін;
- Халықаралық «Мирас» мектебінде оқып жатқан студенттердің іні-қарындастары мен әпке-ағалары.

Басымдылықпен қабылдау туралы шешімді мектеп директоры қабылдайды.

Кейбір сыныптарға оқушыларды қабылдау келесі жағдайларға байланысты шектелген:

- 9-шы сынып бітірген студенттердің ішіндегі орыс тілінде жүргізілетін бағдарлама (RTS) бойынша оқығысы келетін студенттер 9-шы сынып бойынша мемлекеттік емтиханды табысты тапсырулары тиіс ;
- 11 сынып студенттері орыс тілінде жүргізілетін бағдарлама бойынша сыныпқа (RTS) тек оқу жылының басында, 5-ші қыркүйектен кеш қалмастан қабылдана алады;
- Дипломдық бағдарламаға түсетін ІВ 11 сынып студенттері тек оқу жылының басында, 1-ші қазаннан кеш қалмастан қабылдануы тиіс;
- Дипломдық бағдарламаның 12-ші сыныбына студенттер тек Дипломдық бағдарламаны табысты аяқтаған және де мектеп ұсынған пәндерге олардың оқыған пәндері сәйкес келген жағдайда қабылданады.

МҮР бағдарламасы бойынша сабақ жүргізілген мектептен келген студенттерден басқалар, яғни 9-шы сыныпқа 1-ші қазаннан кейін қабылданған студенттер МҮР Сертификатын алуға үміткер бола алмайды. МҮР бағдарламасы бойынша сабақ жүргізілген мектептен келген студенттер бағдарламаны бітіргеннен кейін МҮР Сертификатын алуға үміттенеді.

## Түсу тестілеуі

Студенттер оқуға қабылданады:

- Ағылшын тілі және математика бойынша тестілеу нәтижелері негізінде (ағылшын тілінде оқу үшін - ETS),
- Орыс тілі/қазақ тілі, ағылшын тілі және математика бойынша тестілеу нәтижелері негізінде (орыс немесе қазақ тілінде оқу үшін – RTS, KTS)

Оқуға түсу үшін орыс және ағылшын тілінен 60 % жинақтау керек. Математика бойынша кем дегенде 50 % жинау керек. Бұлардан төменірек ұпай (35-49%) жинақтаған студенттер үшін қайталап болатын әңгімелесулер қарастырылған. Бұл жағдайда студент сынақ мерзімімен оқуға қабылданады. 11-ші сыныпта басталатын Дипломдық бағдарламаға қабылдануы үшін ағылшын тілі (немесе орыс тілін, егер де ол оның ана тілі болса) және математикадан түсу тестілеуін жақсы тапсыруы, студент 11-ші және 12-ші сыныптарда оқып үйренгісі келетін басқа пәндер бойынша да жеткілікті білімі болуы тиіс. Тестілеу нәтижесі күмәнді болған жағдайда немесе басқа мектепте оқыған пәні бойынша түсініксіз тұстары болатын болса,

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

онда студент ІВ бағдарламасы бойынша оқып үйренгісі келетін пәндер бойынша түсу тестілеуінен өтуге тиіс болады.

### ***Бейімдеу кезеңі***

Танысу кезеңі 4 аптаға созылады. Осы мерзім барысында мұғалімдер студенттерге Негізгі мектепте бейімделуге көмектеседі.

### **Сынақ мерзімі**

Сынақ мерзімі түсу тестілеуінің нәтижесіне қарай үш аптаға дейін орнықтырылады. Сынақ мерзімі аяқталған соң педагогикалық кеңес сынақ мерзімін аяқтау немесе тағы да екі айға созу, немесе студентті мектепке қабылдаудан бас тарту туралы шешімін қабылдайды. Орта мектептің директорының орынбасары мектеп директорымен бірлесе отырып студентті мектепке қабылдау туралы ең соңғы шешімін қабылдайды.

### **5-сыныптан 6-сыныпқа көшу**

5 сынып - РҮР бағдарламасы бойынша соңғы оқу жылы. 6 сынып - МУР-да бірінші жыл оқу жылы. Ағылшын тілді сыныпқа (ETS) қабылдау ағылшын тілі бойынша тестілеу негізінде жүзеге асырылады. Бұл сыныпқа қабылдау кезіндегі басымдылыққа шетелдік студенттер ие болады.

### **Орыс/қазақ тілді бағдарламадан ағылшын тілінде оқитын бағдарламаға ауысу (ETS)**

Оқу процесі кезінде студенттердің бағдарламаны ауыстыруға мүмкіндіктері болады. Ауысу әрекеті ауысуға өтініш беру, ағылшын тілінен емтиханды жақсы тапсыру, орта мектеп директорымен ағылшын тілінде жүргізілетін әңгімелесуден кейін жүзеге асырылады. Ары қарай студент сынақ мерзімінде 3 ай болады, осы уақыт аралығында ол қанағаттанарлық нәтиже көрсетіп, барлық пәндерді түсінуі бойынша жақсы деңгейді көрсетуі тиіс.

### **Ағылшын тілінде оқыту (ETS)**

Біздің тілдік саясатымыздың бір бөлігі студенттер ағылшын тіліндегі бағдарлама бойынша оқи отырып, мектепте болған барлық уақытта, яғни күні бойы, оның ішінде мектеп үзілісінде де ағылшын тілінде тілдік қарым-қатынас жасайды.

### **Қазақ тілі (ETS - RTS)**

Қазақстан Республикасында әрекет ететін Заңға сәйкес Қазақстанның барлық азаматтары қазақ тілін оқып үйренулері тиіс. Бұл - міндетті ереже.

### **Қазақ тілінде оқыту (KTS)**

2009 жылдың қыркүйегінен бастап орта мектепте қазақ тіліндегі бағдарлама бойынша оқытатын сыныптар ашылды. Қазақ тілі бағдарламасы бойынша оқыту (KTS) қазақ тілінде жүргізіледі. Бұл бағдарламаның мақсаты - ауызекі тілді дамыту, жазбаша тілді білу – б.а. сөйлеу, тыңдау, оқу және жазуға басты көңіл бөлінеді.

## **Сыныптан тыс әрекет**

Студенттер сыныптан тыс әрекетпен күнделікті сабақтан соң, 16-00-ден кейін айналысуына болады. Студенттің қалауына қарай келесі үйірмелер мен шаралар ұсынылады: арт, спорт, шыңға өрмелеу, ақпараттық технологиялар, шахмат, би, драма, және шет тілдері. Ата-аналар мен студенттер үйірмелер, клубтар мен спорт секциялары туралы сәйкес ақпараттарды алады, сабақтар қыркүйек айының соңынан басталады.

## **Ассамблеялар**

Мектеп ассамблеялары әр дүйсенбі/жұма сайын сынып сағаты уақытында өткізіледі. 8.30-басталады, ұзақтығы 10 минут. Ерекше жағдайларда ассамблеялар акт залында өткізіледі.

## **Мерекелер, шаралар, семинарлар**

Мектепте Алғашқы қоңырауға, Соңғы қоңырауға, Наурызға, Жаңа жылға арналған түрлі іс-шаралар дәстүрлі түрде өткізіледі. Негізгі мектептегі айрықша мерекелер: ҚР Тәуелсіздігі Күніне арналған Халықаралық Фестиваль, Жеке Жоба көрмесі және Дипломдық бағдарлама аясында ұйымдастырылатын көрме.

Биыл МҰР бағдарламасы бойынша ата-аналарға арналған түрлі мерекелер, шаралар, семинарлар өткізу жоспарланып отыр.

## **Ата-аналарға арналған ақпарат**

### **Ата-аналарға арналған семинарлар**

Мектеп ата-аналарға арналған семинарларды ұдайы өткізеді, мұнда ата-аналар мектеп бағдарламалары туралы ақпараттар алады. Семинарда МҰР бағдарламасының мазмұны, сабақ беру әдісі мен бағалау әдістері талқыланады. Бұл семинарлар ата-аналар үшін танымды және тартымды болады деп сенеміз. Студенттердің үлгерімі туралы мәселе бұл семинарларда талқыланбайды.

### **Мұғалімдер мен ата-аналар конференциялары**

Жылына екі мәрте, әр семестрде Мұғалімдер мен Ата-аналардың қатысуымен конференциялар өткізіледі. Конференцияларда студенттердің үлгерімі туралы мәселені пән мұғалімдерімен де, сынып жетекшісімен де талқылауға мүмкіндік береді және конференцияларға қатысушылардың барынша тығыз байланысты болуына ықпал етеді. Конференциялар студенттердің үлгерімі туралы есепті ата-аналардың қолдарына берген соң өткізіледі.

### **Мұғалімдер мен ата-аналар жиналысы**

Біз ата-аналармен, сондай-ақ мұғалімдермен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейміз. Егер баланың оқу үлгеріміне қатысты қандай да бір мәселені шешу қажет болса, ата-ана мектеп әкімшілігіне келіп, мұғаліммен кездесу ұйымдастыруы үшін хабарласуына болады. Осындай іс-шара түрін алдын ала жоспарлау қажет, кездесуді өткізуге нақты уақыт белгіленуі тиіс, бұл уақыт мұғалімге де, ата-анаға да қолайлы уақыт болуы керек. Дұрысы, сабақ кестесін бұзбай, жиналыс уақытын сабақ күнінен кейін белгілеу керек. Екі жаққа да қолайлы болу үшін офис-менеджер арқылы кездесуді ұйымдастыруға болады.

## **Электрондық пошта**

Ата-аналар сынып жетекшісі немесе пән мұғалімдерімен электрондық пошта арқылы байланысуына болады (мұғалімдердің электрондық пошталары көрсетілген кесте осы нұсқаулықтың соңында берілген).

## **Мұғалімдер мен ата-аналар қауымдастығы (РТА)**

«Мирас» мектебінде мектеп және мұғалімдердің қауымдастығы табысты түрде жұмыс істейді. Оның құрамына ата-аналар/қамқоршылар, мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі кіреді. Бұл қауымдастықтың мақсаты – студенттердің зияткерлік сана-сезімін, жауапкершілік сезімін, басқа адамдарға жақсы қарым-қатынас жасау, оқу бағдарламасын қолдау, академиялық та, әлеуметтік те білім сапасын жақсарту, мектептің мұғалімдер мен ата-аналары арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайту, ата-аналарды мектеп шараларына тарту, ата-аналарды Мектептің Мүддесі мен Философиясымен таныстыру, «Қызмет ету және Қоғам» бағдарламасы аясында қаржы құралдарын жинау акцияларын өткізу.

## **Кейбір сұрақтар мен мәселелер туындаған кезде кіммен сөйлесу керек**

Біз қарым-қатынас жасаудың барынша тиімді тәсілі болатын жүйені әзірледік. Егер сіздің қандай да бір сұрағыңыз туындаған болса, ең алдымен мұғаліммен сөйлесіп алыңыз, тек содан кейін ғана осы мәселе бойынша мектеп директорының орынбасарымен сөйлесесіз. Егер сізге берілген жауап сізді қанағаттандырмаса, онда Мектеп Директорымен сөйлесе аласыз.

1. Егер сіздің балаңызбен немесе оның оқуына байланысты проблемалар туындаған болса, онда сынып жетекшісімен немесе пән мұғалімімен сөйлесіңіз. Мектеп хатшысымен телефон шалып хабарласып, мұғаліммен кездесуді тағайындау туралы өтініш білдіріңіз.
2. Егер баланың эмоционалдық немесе жалпы көңіл-күйіне байланысты проблемалар туындаған болса, онда негізгі мектеп психологымен сөйлесе аласыз. Бұл жағдайда да мектеп хатшысымен телефон шалып хабарласып, психологпен кездесуді тағайындау туралы өтініш білдіріңіз.
3. Егер алдыңғы екі пункт те проблеманы шешуге көмектесе алмаса, онда сіз орта мектеп директорының орынбасарымен сөйлесе аласыз. Мектеп хатшысымен телефон шалып хабарласып, кездесу тағайындау туралы өтініш білдіріңіз.
4. Егер сіздің сұрағыңыз бұрынғыша шешілмесе немесе ол тек Мектеп Директорының құзыретінде болатын болса, онда мектеп хатшысымен кездесу өткізетін уақытты белгілеу туралы сөйлесесіз.

## **Кофе іше отырып өтетін таңертеңгі әңгімелесулер**

Негізгі мектеп әкімшілігі барлық ата-аналар мен мұғалімдерді, егер олардың бос уақыттары болса, кофе іше отырып өтетін таңертеңгі әңгімелесулерге шақырады. Осындай шараларды өткізу дәстүрге арналған және оның өткізілетін күні – әр аптаның бейсенбі күні. Өзіңізді қызықтыратын сұрақты талқылауға, оқу процесіне қатысты өз ұсынысыңызды білдіруіңізге мүмкіндігіңіз бар. Кофе іше отырып өтетін таңертеңгі әңгімелесулер кезінде сіз әкімшілік мүшелерімен жеке жолығуыңызға да, сөйлесуіңізге болады.

## **Жарияланымдар/ақпараттық басылымдар**

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

Мектеп қауымдастықтың барлық мүшелерін түрлі арналардың көмегі арқылы ақпараттандырып отырады, атап айтқанда:

- Newsletter (ақпараттық бюллетень)
- «Мирас Таймс» газеті
- Студенттердің фотосуреттері берілген жыл кітабы (Year Book)
- Ата-аналарға хат

### **Мектепте телефон мен ноутбукты қолдану**

Студенттерге тек шұғыл жағдайда ғана офис телефонын қолдануға рұқсат етіледі. Досқа қоңырау шалу шұғыл жағдай категориясына кірмейді. Сондай-ақ ата-ананың да офис телефонына өте бір айрықша жағдайда немесе үзіліс кезінде ғана хабарласқанын өтінеміз.

### **Мобилді телефон және MP3 плейері (iPods)**

Негізгі мектеп студенттеріне өздерімен бірге мобилді телефон және MP3 плейерін (iPods) алып жүруге рұқсат берілген, бірақ олар келесі ережені қатаң сақтауы керек:

- Телефонмен/MP3 плейерімен тек таңертеңгілік ас, түскі ас, сабақтардан соң пайдалану, атап айтқанда 15:35-тен кейін.
- Барлық сабақтардың үстінде телефондар/MP3 плейері сөндірулі болуы керек. Егер жоғарыда ескерілген ереже бұзылатын болса, онда мұғалім телефонды/MP3 плейерін тәркілеп алуға және оларды Тәртіп Саясаты ережесіне сәйкес 1-3 күн немесе 1 аптаға дейін иесіне кері бермеуге құқылы болады.
- Студенттер телефонды/MP3 плейерін әкелгенде оған өздері жауапты болады. Мектеп телефонның жоғалғанына жауап бермейді.

### **Мектеп киім үлгісі**

2009 жылдың 1-ші қазанынан бастап мектептің барлық студенттеріне мектеп киім үлгісі енгізілді. Мектеп киім үлгісі 1-12 сынып студенттерінің барлығы үшін міндетті. Студенттің Сыртқы келбетін бұзу әрекеті Тәртіп Саясатын бұзуға жатады.

### ***Қыздарға арналған киім үлгісі***

Тор белдемше (юбка (шотландка)\*)

Сиякөк пиджак\*

Сиякөк түсті тоқыма жилетка (жеңсіз)\*

**Қара түфли немесе етік**, ақ блузка немесе жейде (бір тонды болуы тиіс, түсі ашық емес, өрнектері мен суреттері болмауы тиіс). Суық мезгілдері оқушылар мектеп ішінде ауыстырып киетін аяқ киіммен жүруі тиіс.

Бұған қоса, суық ау-райында тек колготки (түсі - қара немесе адамның терісіне түстес) киюге рұқсат беріледі.

Сондай-ақ сәйкес түсті жағасыз тоқыма (жүн) кофта (кардиган) киюге рұқсат етіледі.

## **Ұлдар үшін**

Классикалық сұр шалбар\*

Сия көк пиджак\*

Жүннен тоқылған Сия көк түсті жилетка (жеңсіз)\*

Қара туфли немесе етік, классикалық ақ жейде (бір тонды болуы тиіс, түсі ашық емес, өрнектері мен суреттері болмауы тиіс).

\* Бұл киімдерді тігуді ателье орындайды

Дене шынықтыру, жүзу, би сабақтарына қарастырылған киім үлгісі :

- Дене шынықтыру сабағына: спорт аяқ киімі, қысқа шалбар (шорты)/шалбар, футболка
- Жүзу сабағына: шомылатын арнаулы киім (купальник/плавки), резіңке бас киім, сланцтар
- Би сабағына: қысқа шалбар (шорты)/юбка/гимнастика сабағына арналған костюм, чешкілер.

## **Экскурсиялар**

Мектеп мұғалімдері бағдарламаның нақты тараулары бойынша студенттердің алатын білімін тереңдету мақсатымен қала ішіне саяхат жасауды ұйымдастырады, мұнда студенттер оқып үйренетін тақырыптары бойынша қосымша ақпараттар ала алады. Халықаралық «Мирас» мектебі экскурсияларға шығатын кезде мектеп оқушыларын көлікпен қамтамасыз етеді. Мектеп күзет қызметі саяхат кезінде студенттермен бірге ілесіп жүреді. Мұғалімдер, өз кезегінде, экскурсия жайлы ата-аналарды алдын ала арнайы хат арқылы хабардар етеді. Хатта экскурсияның мақсаты, баратын орны мен оның күні, уақыты, бағасы жазылады. Әр саяхатқа ата-аналар жазбаша түрде рұқсат беруі қажет. Ата-аналардың жазбаша түрдегі рұқсатынсыз мұғалімдер оқушыларды мектептен шығаруға құқылы емес.

## **Денсаулықты сақтау Медицина қызметкері**

Дәрігер мен медбике мектепте күнделікті болады, оларды негізгі мектептің астыңғы (цоколь) қабатынан табуға болады. Мектепке бала қабылданған кезде ата-ана баланың бұрын ауырған ауруларының түрлерін көрсете отырып, оның ішінде аллергия, жиі ауыратын ауру түрлерін, қандай да бір түрлі азық-түлікті жеуге болмайтыны туралы, т.б. мәліметтер көрсетілген барлық қажетті медициналық анықтаманы әкелуі тиіс. ҚР Денсаулық Министрлігінің бұйрығына сәйкес жыл сайын егу тізімі болады. Ата-аналарға егу туралы алдын ала хабарлау қажет. Егер студентке қайсібір дәрі-дәрмекті қабылдауға болмайтын болса, денсаулығының әлсіздігіне қарай егуге болмайтын болса, онда мектеп дәрігерін немесе сынып жетекшісін осы туралы хабардар етіңіз. Егер мектепте болатын уақыт барысында балаға отбасылық дәрігердің кеңесі бойынша дәрі-дәрмек қабылдау керек болатын болса, онда ішілуге тиісті дәріні ілеспе хатымен қоса беріп жіберіңіздер, медицина қызметкерлері баланың дәріні уақытылы ішуін қадағалап отырады. Хатта келесі нәрселерді көрсетіңіз:

1. Студенттің аты мен сыныбы
2. Дәрі, мөлшері, уақыты



Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

3. Дәрі –дәрмектің жарамдылық мерзімі орамында көрсетілуі тиіс. Егер бала жарақаттанып немесе ауырып қалса, онда мектептің медицина қызметкерлері сәйкес көмек көрсетеді.

## **Қауіпсіздік**

### **Күзет қызметі**

Халықаралық «Мирас» мектебі белгіленген нұсқаулар бойынша қадағалаушы қауіпсіздік және күзет қызметтері қызмет көрсетеді. Күзет қызметкерлері мектеп аумағы бойынша тәртіптің қатаң сақталуын қадағалайды. Мектепте бейне бақылау жүйесі жұмыс істейді. Қауіпсіздік мәселесі бойынша туындаған жағдайда күзет қызметкерлеріне тез арада хабарласуыңызды сұраймыз.

### **Жер сілкініс және өрттен сақтану үшін жаттығулар жасау**

Мектепте жерсілкініс және өрттен сақтану үшін жаттығулар ұдайы жүргізіледі. Студенттерді төтенше жағдайларда көшіру маршрутымен таныстыру үшін әр сыныпта көшіру ережесі баяндалған плакаттар ілініп қойылуы тиіс. Егер сіз мектепке төтенше жағдай кезінде келген болсаңыз, онда сіз осыған қатысты нұсқауды міндетті түрде сақтап, мектептің жиналатын орнына мұғалімдер мен қызметкерлермен бірге барып, «Мектепке келушілер» маңдайшасы орнатылған секторға барып тұруыңыз керек болады.

### **Асхана**

Мектеп асханасы студенттерге қазақстандық және халықаралық асүй тағамдарын ұсынады. Студенттердің таңертеңгі асы 10:05-те, түскі асы – 13:25-те, түстен кейінгі асы – 15:45-те. Азық-түліктер студенттерге пайдалылығы мен қажеттілігіне қарай мұқият іріктеліп алынады. Студенттер, ереже бойынша, асханада түскі ас кезінде кезекке тұрады. ІВ Дипломдық бағдарламаның 12-ші сынып студенттеріне айрықша артықшылық берілген, оларға тамақтануға бірінші болып баруға рұқсат етілген.

### **Кітапхана**

Орта мектептің кітапханасында орыс, ағылшын және қазақ тілдерінде кең ауқымды кітап қоры бар. Кітапханада студент ғылымның барлық салалары бойынша энциклопедиялар, көркем әдебиеттер, мерзімдік басылымдарды оқи алады. Студенттер бір аптаға бір дегенде 3 кітап ала алады. Кітап бүлінген және жоғалған жағдайда ата-аналар шығынның орнын материалдық түрде немесе жаңа кітап сатып алу құнымен толтырулары тиіс.

### **Студенттер Кеңесі**

Студенттік кеңес мектептің студенттік өмірінің маңызды органы болып табылады. Оның міндеттері:

- Студенттер бастамасы мен әрекеттерін қолдау/мадақтау;
- Пікірталастың еркін демократиялық еркін үлгісі, пікірлер мен тәжірибелер алмасу арқылы түрлі көзқарасты білдіру және ымыраға келу;
- Студенттер мен мектеп әкімшілігі арасындағы байланысты қамтамасыз ету;
- Мектеп қауымдастығын қолдау, шараларды ұйымдастыруға көмектесу;
- Студенттік шараларды өз бетінше ұйымдастыру.

## Негізгі мектептің Халықаралық Бакалавриат Бағдарламасы (МҮР)

### Жалпы мәліметтер

МҮР бағдарламасы 6-шы сыныптан бастап 10-шы сыныпқа дейін жүргізіледі. Бұл бағдарлама студенттің өмірде өз орнын табатын, белсенді азамат болып қалыптасуы үшін қажетті болатын білім, білік және дағдыны алуы үшін арнайы әзірленген. Оның мақсаты: оқушы тұлғасын қалыптастыру, оның мектептегі оқу мен күнделікті өмір арасындағы байланыстарды көре білу қабілетін ояту, сондай-ақ өмірдің жаңа жағдайларына бейімделу, адамдармен тиімді де етене жұмыс істеу, мәселелерді талқылау, мәселелерді қарастырғанда түрлі шешім нұсқаларын қарастыру қабілетін ашу.

МҮР бағдарламасы студенттерге оқу процесіне қатысты барынша жауапты болуға және нәтижесінде оларды қоршаған ортаны түсінуге көмектесетін ақпараттарды тауып, оларды күрделі түрде және сыни көзқараспен бағалауға көмектеседі.

Біз бағдарламада оның негізін құрайтын үш концепцияны ұстанамыз.

**Оқытуға тұтас қарау қадамы** - бағдарламаның негізі - пәндер арасындағы пәнаралық байланыстар болып табылатын Кіріктіру екендігін білдіреді. Пән арасындағы байланысты түсіну студенттерге өмірде ұшырасып қалуы мүмкін заттар мен жағдаяттарға кең көзқараста қарауға көмектеседі, осы қадамның арқасында олар кез келген мәселені шешу кезінде лайықты шешімдер жасайды, сәйкес қорытынды келтіреді.

**Мәдениетаралық сана-сезімді** өз елінің мәдениетін түсіну және басқа халықтардың мәдениетіне құрметпен қарау арқылы дамыту. Қарым-қатынас дағдылары – бағдарламаның шешуші аспектісі болып табылады. Студенттер өздерінің келешегіне жол ашатын сәйкес білім мен білікті дамытады, төзімділік, басқа адамдардың мәдениетін құрметтеу, жанашырлықты сезіну сияқты дағдыларды өз бойында дамытады.

«Мирастағы» мектеп бағдарламасы мен **«Қоғамға қызмет ету»** пәнінің әрекеті әлем халықтарының алуан түрлі мәдениеті аясында шоғырландырылған. Бұл Алматы қаласының оқушылары атсалысқан адам құқықтары бойынша халықаралық фестивальдар, конференциялар, шаралар мен уақиғалар арқылы көрініс тауып отырады. Қазақстан мәдениетінің ерекшелігін оқып үйренуді бағдарламаның көптеген аспектілерінен бақылауға болады, мәселен, қала ішіндегі және сыртындағы тарихи орындар бойынша өткізілетін саяхаттардан жинақтайтын білімдер, студенттердің қатысуымен бірлесе өткізілетін Қазақстанның ұлттық мерекелері бойынша алатын білімдерін атап өтуге болады.

Біздің Тіл саясатымызды дамыту бағыты - бағдарламаның тікелей бір бөлігі болып табылады, тиімді түрде тілдік қарым-қатынас жасау дағдыларымен қатар студенттерге қарым-қатынас әдістемесін жан-жақты қолдануға көмектеседі. Олар өз ой-пікірлерін және жинақтаған іс-тәжірибелерін сөз арқылы жеткізе алады.


Бағдарламада шет тілін оқып үйренуге айрықша көңіл бөлінеді, сондықтан студенттер өздері үшін жаңа тіл болып табылатын «Екінші тіл ретіндегі шет тілі (Language B)» бағдарламасы

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

бойынша тілді үйренуге тамаша мүмкіндіктерді пайдаланады (қазақ – мемлекеттік, ағылшын немесе орыс тілі).

## МҮР бағдарламасының құрылымы

МҮР – тұрақты түрде жақсарту процесінде болатын мұқият түрде әзірленген оқу моделі болып табылады. Ол оқытылатын пәндерді пәнішілік және пәнаралық әрекет арқылы біріктіреді, және үнемі студенттің жеке басының жауапкершілігі мен оның жеке дамуына басты көңіл бөледі. Мектеп 2004 ж бағдарламасы бойынша авторизацияланды және ендігі жерде аталған бағдарламаны жинақтаған іс-тәжірибеміз негізінде үнемі дамыту және жақсарту өзімізге байланысты болады.



## МҮР оқу жоспарының моделі

Мына сурет МҮР бағдарламасының оқу моделін көрсетіп отыр. МҮР аясында студенттер түрлі ұстанымдар (белгілер) бойынша оқып үйрену және бағалау үшін IB белгілеген 8 пәнді оқып үйренеді. Осы пәндер арасындағы байланысты түсінуіне көмектесу үшін барлық оқу пәндері өзара әрекеттесу саласына шоғырландырылған, бұл салалар: «Оқуға жасалатын қадамдар», «Қоғамға қызмет ету», «Денсаулық және әлеуметтік білім беру», «Қоршаған орта», «Шығармашыл адам». Осылардың барлығы бағдарламаның кіріктірілетін пәндік негізін қалыптастырады.

8 пәннен тұратын топ сегіз қырлы денені қалыптастырады, ол көптеген пәндерді қамтиды: А тілі – бұл мектепте сабақ жүргізілетін тіл немесе студенттердің ана тілі (ағылшын/орыс тілі және 2009 ж – қазақ тілі), екінші тіл ретіндегі шет тілі - Language B - (ағылшын/орыс/қазақ тілі), математика, ғылымдар (биология, химия, физика), ақпараттық технологиялар, жаратылыстану ғылымдары (география және тарих), бейнелеу өнері (бейнелеу өнері, драма: ETS – 6-10 сыныптар), музыка - 6-8 сыныптарға арналған) және дене тәрбиесі.

## Өзара Әрекеттесу Саласы

*Өзара Әрекеттесу Саласы – академиялық пәндерге жатқызылмайды, себебі олар МҮР бағдарламасының оқу моделінің ажырамас бөлігін құрайтын арнаулы пәндерді таныстырады. Бұл - ортақ тақырыптар, олар бағдарламаны философиялық және әлеуметтік мәнге толықтыра отырып кіріктіреді.*

## IB МҮР анықтамалық басшылығы

Өзара Әрекеттесу Саласы – бұл әр пән бойынша жасалатын оқу жоспарының негізі. Өзара Әрекеттесу Саласы әрбір жеке пән бойынша студенттердің әрекетінің сипаттамасын көріп біле алатын контекстердің болуын білдіреді. Кейде кейбір

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

**аспектілер сыныптан тыс әрекеттің бөлігі болып табылады және сынып жетекшісінің бағдарламасы арқылы ендіріледі.**

### ***5 Өзара Әрекеттесу Саласы бар:***

#### **Оқуға жасалатын қадамдар**

*Қалай жақсы оқып үйренуге болады?*

*Мен әлемді қалай танимын?*

*Түсінгенімді қалай жеткіземін?*

«Оқуға жасалатын қадамдар» оқу бағдарламасы моделінің өзегі болып табылады. Бұл Өзара Әрекеттесу Саласы барлық оқу дағдылары мен қарым-қатынастарын дамытуды көздейді, оларды меңгерген оқушының бойында сенімділігі күшейеді, тәуелсіз екенін сезінеді және белсенділігі артады. Оқушының зейінін пән мазмұнынан таным процесі мен жаңа нәрсені білуге құштарлығына аудара отырып, мұғалім баланың өзін өзі дамыту механизмін іске қосады.

**ІВ МҮР анықтамалық басшылығы**

#### **Қызмет ету және қоғам**

*Біз қалай өмір сүреміз және бір-бірімізге қалай қараймыз?*

*Мен қоғамға қандай үлес қосып жатырмын?*

*Мен басқаларға қалай көмектесемін?*

Мектеп пен ІВ ұйымының Мүдделерінде тек мектептегі ғана емес, оның аумағынан тыс жерде алынатын білімге де зор көңіл бөлінеді. Бұл ой-пікір «Қоғамға қызмет ету» Өзара Әрекеттесу Саласында көрінеді. «Мираста» 6-10 сыныптың барлық студенттері осы бағдарламаға атсалысады, оның мақсаты студенттің мінез-құлқының түрлі қасиеттерін дамыту болып табылады. Осы бағдарламаға қатысу студенттердің бойында әлемге дұрыс қарауға, өзінің жеке жауапкершілігі сияқты әлеуметтік жауапкершілік сезім, басқаша айтқанда, олардың өмірінде ажырамас бөлік болып табылатын сапаны дамытуға көмектеседі.

МҮР бағдарламасы бойынша білім ала отырып, «Қоғамға қызмет ету» бағдарламасын жақсы тәмамдау МҮР бағдарламасы Сертификатын алудың шарты болып табылады. Студенттің талаптарды орындау шамасы бойынша мектеп ІВ ұйымын хабарландырып отыруға міндеттенеді және МҮР сертификаттары өздерін дамыту үшін жемісті жұмыс істеген және бағдарламаның барлық шартын сақтаған студенттерге ғана беріледі.

**ІВ МҮР анықтамалық басшылығы**

#### **Қоршаған орта**

*Біз қайда өмір сүреміз?*

*Қандай қорларымыз бар немесе олардың қайсысы бізге қажетті?*

*Менің жауапкершілігім қандай?*

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

«Қоршаған орта» Өзара Әрекеттесу Саласы студенттің табиғатқа мұқият әрі сақтықпен қарауы, қоршаған ортамен өзінің өзара байланысын түсіну дағдысын дамытуды білдіреді, б.а. бұл Өзара әрекеттесу саласының міндеті - студентті қазіргі және болашақ ұрпақ үшін қоршаған ортаны сақтау проблемасына жауап беру қарым-қатынасында тәрбиелеу.

**ІВ МҮР анықтамалық басшылығы**

### **Денсаулық және әлеуметтік білім беру**

*Мен қалай ойлаймын және қалай әрекет етемін?*

*Мен қалай өзгеремін?*

*Мен өзіме және басқаларға қамқорлықты қалай жасаймын?*

«Денсаулық және әлеуметтік білім беру» саласы студентті физикалық та, сондай-ақ ақыл-парасат жоспарында да салауатты өмір салтына дайындайды. Осылай оқытудың мақсаты – студенттер өздеріне және қоршаған ортаға келтіре алатын зиянды түсінуге үйренуінен тұрады, бұл Өзара әрекеттесу саласы студенттерге саналы түрде өз қалауларын жасауға ықпал етеді. Студенттің өз келбет-бітіміне және ақыл-парасатына құрметпен қарауы – барлық оқудың негізделген ең басты әрі биік ұшар шыңы болып табылады.

**ІВ МҮР анықтамалық басшылығы**

### **Шығармашыл адам**

*Біз неліктен шығармашылықпен айналысамыз? Және қалай айналысамыз?*

*Ойлап тапқанымыздың салдары қандай болмақ?*

«Шығармашыл адам» Өзара Әрекеттесу Саласының басты назарында – адамның, кемеңгер адамдардың шығармашылық әрекеті мен нәтижелері, сондай-ақ олардың қоғам мен адам санасына тигізетін әсерлері. Студенттер адам мүмкіндігін бағалауға және өмірінде болатын өзгерістерге құштар, өмірді сүйетін, нақты өмір кезеңінде жетілдіруге деген ұмтылыстарды бағалауға үйренеді.

**ІВ МҮР анықтамалық басшылығы**

Бұл салада біздің өміріміздің әрбір аспектісін іс жүзінде кеңейту және жақсарту үшін қосқан адамдардың үлестері, еңбектері көрсетілген.

### **Жеке Жоба**

МҮР бағдарламасының соңғы жылында барлық студенттер Жеке Жоба орындауы керек. Дайындық 9-шы сыныптың екінші семестрінде басталады да, 10-шы сыныптың екінші семестрінің басында толық аяқталуы тиіс. 9-10 сыныптың барлық оқушыларына Жеке Жобаны дайындау бойынша анықтамалық басшылық беріледі, мұнда жобаны орындау детальдары мен мерзімдері, және тағы да басқалары сипатталған. Жоба зерттеу эссесі, көркем шығарма (өнім) немесе бұйым, артефакт моделін, іздестіру жұмыстарын жасау немесе ой-пікірді көрсетудің басқа да нұсқалары түрінде орындалуы мүмкін. Жеке Жоба МҮР бағдарламасын өту шамасы барысында Өзара Әрекеттесу Саласын студенттің қалай түсінгенін көрсетуді мақсат етеді. Өзара Әрекеттесу Саласы өз кезегінде студенттің жеке тұлға ретінде дамуын көрсетеді.

Жеке Жобаны бастамас бұрын Студенттер Жоба дайындайтын пәнді анықтап алады. Студентке супервайзер бекітіледі. ол студенттің Жобаны орындаудың барлық сатысында қолдап отыратын болады. Студенттің ең қорытындылаушы, нәтижелі өнімі болып табылатын дайындалу процесі оқытудың маңызды бөлігі болып табылады, сондықтан да оқушы Жеке Жобаны жасау процесін кезең бойынша көрсететін тіркеу журналын жүргізуі керек.

Біздің студенттеріміз әзірлеген Жеке Жоба үлгілері:

- Өзін бақытты сезінетін, дені сау, тіл алғыш итті қалай өсіруге болады?
- Әңгімелер жинағы
- Кашмир кризисі
- Түркістан - Қазақстандағы әулие жер
- Дәстүрлі кәрістер үйінің моделін дайындау
- Саяси көшбасшы болу үшін не істеу керек?

Оқушы қандай жобаны таңдап алмасын, жоба студенттің жеке ойын білдіруі және оның ой-пікірінің даму кезеңдерін көрсетуі тиіс (жұмыс көлемі – 3 500 сөз).

Супервайзер рөлі - студентке көмектесу және орнықтырылған мерзімді сақтай отырып, оның жоба үстінде үнемі жұмыс істеуіне деген ұмтылысына қолдау жасау. Жеке Жоба студенттерге жеке тұлға ретінде өздерінің даму деңгейін көрсетуге мүмкіндік береді.

### **Сынып жетекшісі бағдарламасы**

6-10 сыныптардың әр студенті оқушы саны 20 студенттен артпайтын сыныпта оқып білім алады. Мектеп академиялық, жеке және әлеуметтік салада дамыта отырып, әрбір студентті жеке дара қолдайды. Сынып жетекшісі сыныппен байланыс құрады, өсіп келе жатқан әр жасөспірімнің зияткерлік және әлеуметтік қажеттіліктерін ескеретін студент ұжымының даму бағдарламасын құрастырады.

Сынып сағаты кезінде студенттер жеке тұлғалық, әлеуметтік дамуы, академиялық жетекшілігі мәселелерін қарастырады, академиялық мәселелер мен проблемаларды шешеді, болашақ оқитын оқуын және карьералық өсу жолы жоспарын талқылайды, сондай-ақ МҮР бағдарламасының бір бөлігі болып табылатын басқа Өзара Әрекеттесу Саласымен және оқыту әдістемемен тығыз байланысты «Қызмет ету және Қоғам» бағдарламасы бойынша әрекеттерді жоспарлаумен айналысады.

### **Оқу жоспары туралы ақпарат**

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

«Мирас» мектебінің оқу жоспары өзіне Халықаралық және Қазақстан бағдарламасының талаптарын үйлестіреді. Біз Ұлы Британия мен Солтүстік Америкада қолданылатын жүйемен кіріктірілген бағдарламаны ұсынамыз. Мұғалімдер оқу жылы барысында сатылы түрде оқытылуы көрсетілетін оқу жоспарын әзірлейді және де келер жылы оқу жылының басында біз сіздерді аталған материалмен таныстырмақшы ниеттеміз. Ата-аналар қосымша көшірмені офис-менеджерден ала алады.

Халықаралық Бакалавриатқа және оның қызметіне қатысты барынша толығырақ ақпаратты мектептің вебсайтынан ([www.miras.kz](http://www.miras.kz)), сондай-ақ IB ұйымының вебсайтынан ([www.IB.org](http://www.IB.org)) қарап біле аласыздар.

Мектеп «Ата-аналарға арналған МҮР бағдарламасы бойынша оқу құралын» және «МҮР студенттерінің Жеке Жобасы бойынша басшылықты» ата-аналарға да, сондай-ақ студенттерге де бере алады. Бұл құжат қайсыбір нәрсенің мақсаты мен әрекет ету саласы туралы мәліметті мазмұндайды.

### **Студент үлгерімін бағалау және есеп беру**

МҮР бағдарламасында IB ұйымы тарапынан сырттан болатын емтихандар қарастырылмаған. Мұғалімдер бағалауды МҮР бағдарламасы курсының соңында 10 сыныпта болатын модерация нәтижесі бойынша жүргізеді. Қазақстандық студенттер 9-шы сыныпта мемлекеттік емтихандарды тапсырады.

### **Бағалау стратегиясы мен құралдары**

Бағалау – оқу процесін қажетті деңгейде ұстайтын көп аспектілі жүйе. Мұғалімдер оқыту тиімділігі мен студенттердің оқу процесінің тиімділігін бағалауды ұдайы жүргізіп отырады. Бағалаудың басым бөлігі мектепте жүргізіледі және ол соңғы нәтиже болып табылмайды. Оқытудың әрбір кезеңіндегі студенттің білім деңгейін бағалау үлгерім туралы есепте көрсетіледі. Оқу дегеніміз өмір бойы білім алу, ал бұл жерде Бағалау студенттің әр оқу сатысында өткізгіш рөлін атқарады.

Мектепте бағалаудың түрлі әдістері мен түрлері пайдаланылады: жазбаша және ауызша жауапты бағалау; топпен бағалау, өзара бағалау және өзін өзі бағалау. Бағалау әдістерінің басым бөлігі күнделікті оқытылатын сабақта және оқыту процесін тұтастай алғанда қолданылады. Олар студенттер үнемі жетілу үстінде болуы үшін және де кез келген кезеңде оқыту нәтижесін қадағалай алуы үшін әзірленген. Соңғы нәтижені емес, бағалау процесінің өзін түсіну өте маңызды. Мектепте IB стандарттарына сәйкес, ұстанымбелгілік бағалау (критерий оценивания) және 7 ұпайлық бағалау межесі қолданылады. Дегенмен, мектеп бағалау жүйесіндегі қазақстандық стандарттарды ескереді және студенттер негізгі мектепті аяқтаған кезде үлгерім табелін береді.

### **Ұстанымдар бойынша бағалау**

Мектептегі бағалаудың басым бөлігі бағалау ұстанымдары көмегімен жүргізіледі.

Ұстанымдар бойынша бағалау, бұл - әр пән үшін жеке-жеке әзірленген студенттер жұмысын бағалау болып табылады. Ұстанымдар пәннің маңызды аспектілері болып табылатын білім

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

саласы болып табылады. Әр пән бойынша көптеген шешуші дағдылар болады, оларға көрсеткіш ретінде айрықша мән беріледі, осы көрсеткіштер негізінде баға шығарылады.

ІВ ұйымы әр пән бойынша ұстанымдарды әзірледі, мысалы, А ағылшын немесе орыс тілі (Language A) пәні бойынша студенттің жұмысы үш ұстаным бойынша бағаланады: мазмұны, ұйымдастыруы, стилі және тілді меңгеруі. Математикада, мысалы, 4 ұстаным беріледі: білуі және түсінуі, зерттеу мысалдары, байланыс, ой қорытуы мен тұтастай бағалауы.

Әр ұстанымбелгіге сипаттама (дескриптор) беріледі, ол студент үлгерімін түзетуге мүмкіндік береді. Бұл ұстанымдар студенттерге әр пән бойынша жетістікке жету үшін қандай ақтандақтардың орнын толықтыру керектігін түсінуге көмектеседі.

### **МҮР бағдарламасында ұстанымдық бағалау**

ІВ ұйымы әр деңгейге берілген сипаттаманы қамти отырып, әр пән саласы бойынша ұстанымдарды белгілеп береді. Осындай әдіс МҮР бағдарламасында негізге алынған және бағалау көрсеткіші болып табылады. ІВ ұстанымдары және олардың дескрипторлары – бұл 9-10 сыныптардағы шешуші кезең болып табылады. Алғашқы 3 жылда бағдарламамен жұмыс істеу барысында оқыту процесінде табысты қызмет ету үшін дамыту қажетті болатын студенттердің білімі мен білігін өте жақсы сипаттап берген мұғалімдер ұстанымдардың түрлерін өзгертті. Одан басқа, студенттердің білім және дағдысы деңгейін дұрыс бағалауға мүмкіндік беретін арнайы тапсырмалар мен әрекеттердің түрлері дайындалды. Сондықтан, нақты кезеңдерде студенттерге сәйкес тапсырмаларға бағалау айдарлары беріледі, ол студент жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін басшылық ретінде қолданылады.

Студенттің орындалған жұмысының қайсысы болмасын, ол студент портфолиосының бөлігі бола алады, және де ІВ ұйымына модерацияға ұсыныла алады.

Бағалау түрлі тапсырмалар түрінде болуы мүмкін, және бұл әр тапсырмада түрлі бағалау ұстанымбелгілері қолданылуы мүмкін.

### **Ұстанымдар бойынша бағалардың қолданылуы**

Студент үлгерімі әр пән бойынша алдын ала қарастырылған ұстанымдар бойынша өлшенеді, б.а. студент талпынуға, тырысуға тиісті жетістіктер деңгейінің бірқатары бар. Мұғалімдер қол жеткізген деңгейіне сәйкес студент үлгерімін анықтап, оған баға қою үшін ұстанымдар мен студент мүмкіндігін салыстырады. Әр пән бойынша ұстанымдарға берілген қысқаша шолуды А қосымшасынан таба аласыздар.

### **7 ұпайлық бағалау межесі бойынша қорытынды бағаны қою**

Пән бойынша қорытынды баға 7 ұпайлық бағалау межесі бойынша жылдық үлгерім есебінде қойылады.

Бұл баға жыл бойында әр пән бойынша қол жеткізген жалпы үлгерім мен деңгейін көрсетеді. МҮР бағдарламасын аяқтағаннан кейін, баға студенттің МҮР бағдарламасы бойынша үлгерім туралы есебі мен МҮР сертификатына кетеді.

**7 ұпайлық бағалау межесі студент табысының жалпы деңгейін анықтау және оның әр пән бойынша үлгерімін анықтау үшін әзірленген.** ІВ ұйымы 1-ден 7-ге дейінгі бағаларды



Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

анықтау үшін деңгей аралық шекарасын белгілеп бекітіп берді. Сіздердің назарларыңызға студенттің жалпы үлгерімі анықталатын дескрипторларды сипаттайтын кестесін беріп отырмыз:

Сынып	Дескриптор
7	Білім мен біліктің талап ететін көлемін тұрақты және түгелдей, сарқып түсінеді, сондай-ақ оларды көптеген түрлі жағдаяттарда қалтқысыз пайдаланады. Қажетті жерінде жағдаятты сараптау, синтездеу, бағалау дағдыларын үнемі көрсетіп отырады. Студент өзінің айрықша жасайтын қадамы мен өткірлігін үнемі көрсетеді және де барлық жұмысты жоғары деңгейде орындайды.
6	Білім мен біліктің талап ететін көлемін тұрақты және түгелдей, сарқып түсінеді, сондай-ақ оларды <b>көптеген жағдаяттарда</b> пайдаланады. Қажетті жерінде жағдаятты сараптау, синтездеу, бағалау дағдыларын үнемі көрсетіп отырады. Әдетте студент өзінің айрықша жасайтын қадамы мен өткірлігін қолданады.
5	Білім мен біліктің талап ететін көлемін тұрақты және түгелдей, сарқып түсінеді, сондай-ақ оларды түрлі жағдаяттарда қалтқысыз пайдаланады. Тұтастай алғанда студент жағдаятты сараптау, синтездеу, бағалау дағдыларын үнемі көрсетіп отырады, және кейде кейбір жеке қадамдары мен интуициясын қолданады.
4	Білім мен біліктің талап ететін көлемін жалпы жақсы түсінеді және оларды стандартты жағдайларда тиімді қолдануға қабілетті. Жағдаятты сараптау, синтездеу, бағалау дағдыларын <b>анда-санда көрсетеді.</b>
3	<b>Көптеген нормативтер бойынша өте шектеулі жетістіктер көрсетеді немесе кейбір білім саласы бойынша анық көрінетін қиындықтар сезінеді.</b> Студент талап етілетін білім көлемін түсінуде шектеулі түрде түсінетінін көрсетеді және қолдау көрсеткеннің өзінде кәдімгі жағдаятта толық қолдана алмайды.
2	<b>Барлық нормативтер бойынша өте шектеулі жетістіктер.</b> Студент талап етілетін білім көлемін түсінуде қиындықтарды сезінеді және қолдау көрсеткеннің өзінде стандартты жағдаятта толық қолдана алмайды.
1	<b>Орындалған нормативтер жағдайында ең минималды жетістік</b>

### Бағалау жұмыстарын тапсыру мерзімдері

МҮР бағдарламасы тұтастай алғанда студенттердің түрлі жұмыстарын үздіксіз бағалау және оларға деген тұрақты түрдегі қызығушылығын талап етеді, мысалы, зерттеу, іздестіру, жобалар мен т.б. Істелуге тиіс көптеген жұмыстарды бір мезгілде бақылап отыру өте күрделі. Студенттердің осындай қиындыққа қарсы тұруына көмектесу үшін біздің мұғалімдеріміз жұмысты тапсыру мерзімін үйлестіріп отырады, тестілеу күнін естеріне салады, т.б. Студенттердің бағалау жұмыстарының кестесі құрастырылады. Егер студенттер, өз кезегінде, қиындықтарға кездесетін болса, өздерінің сынып жетекшілерінен қосымша көмек сұрайды. Студенттер өз жұмыстарының жоспарына сәйкес күнделік жүргізеді.

### МҮР бағдарламасы бойынша үй тапсырмасын орындау

Әр студенттің үй тапсырмасын және маңызды ақпаратты жазып отыратын күнделігі болады. Мұғалімдер ата-аналарға хабарлама қалдыру/беру үшін күнделікті қолдануы мүмкін. Ата-аналар өз кезегінде баласының күнделігін үнемі тексеріп отыруы тиіс. Студенттер үй тапсырмасын орындау кестесін үнемі алып отырады. Төменде әртүрлі жас ерекшеліктеріне қарай студенттердің үй тапсырмаларын дайындау кезінде жұмсауға тиіс уақыты көрсетілген кесте берілген.

<b>Негізгі мектеп</b>	
6 & 7 сын.	45-90 мин / күніне
8 сын.	1-2 сағ/күніне
9 & 10 сын.	1.5-2.5 сағ/күніне
11 & 12 сын.	15-20 сағ/аптасына)

Студенттер үйге берілген тапсырмаларды сабақ үстінде өз күнделіктеріне әр сабақты белгілей отырып, жұмыс нұсқаулары мен орындау мерзімі мен берілген уақытын қоса жазып алуға тиісті. Әр студенттің қолына үй тапсырмасын орындау кестесі беріледі. Үй тапсырмасына берілетін нұсқау ауызша түсіндіріледі, тақтада немесе жұмыс дәптеріне жазылады, содан кейін осы нұсқауларды оқып түсінуге уақыт беріледі. Жеке орындалатын үй тапсырмасы студенттің қажеттілігіне және үлгеріміне қарай аздап өзгертілуі мүмкін.

ІВ талабы бойынша зерттеу эссе, т.б. түрінде бағалау шарасын жүргізу қажет болған жағдайларда студенттерге тапсырма берілген және тапсырманы орындауға қажетті материалды берген күннен бастап санағанда 7 күн беріледі.

### **Егер жұмыс уақтылы мерзімінде орындалмаса, төмендегі тәртіп қарастырылады:**

Егер студент тапсырманы уақытында орындауға үлгермесе және студентте орындалмаудың себебін/орын алған жағдаятты түсіндіретін ата-ананың сәйкес хаты болмаса, онда ол «0» бағасын алады. Ата-аналарға бұл туралы мағлұмат беріледі (студент күнделігіндегі түсіндірме).

Егер студент үй тапсырмасын қайталап уақытында тапсырмаса, нәтиже «0» болады

- Егер студент үй тапсырмасын тапсыратын күні ауырып қалса, онда ол мектепке келген келесі күні оны бірден алып келіп тапсыруы тиіс.
- Егер студент бір күннен артық мектепке келмесе және мұғалімнен ақпарат алып үлгермесе, онда мектепке келісімен мұғалімге жолығып, үй тапсырмасын орындаудың қолайлы кестесі туралы келісіп алуы керек.
- Сырқаттану себебі бойынша үй тапсырмасын орындауға аз уақыт жұмсаған студенттер тапсырманы аяқтау үшін қажетті қосымша уақыт туралы мұғалімге жолығып келісіп алуы керек. Мұғалімнің шешіміне қарай сабаққа келмеген күн санына тең уақытқа тең болатын нақты уақыт кесіндісі беріледі.

### **Түзету сабақтары**

Түзету сабақтары осы сабақтардың кестесі бойынша сағат 8.00-ден басталады (дүйсенбіден басқа, аптаның барлық күндері). Түзету сабақтарына студенттер мұғалімнің ұсынысы бойынша қатысады.

**10 сын.** -МҮР бағдарламасының соңғы оқу жылы

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

**«Мирас» мектебі** МҮР бағдарламасы бойынша авторизациялаудан өтті және де енді бағдарламаның 10-шы сынып студенттерін **ІВ ұйымы** МҮР бағдарламасы бойынша бағалауға сәйкестігі бойынша **аттестациялайды**. Студенттер сертификаттау талаптарына сәйкес болуы тиіс.

### **Модерацияның негізгі ұстанымдары**

ІВ ұйымы өткізетін модерация процесі халықаралық көзқараспен алғанда жетістіктер деңгейін стандарттауға бағытталған. Бұл процестен соң студенттер халықаралық деңгейде мойындалатын сертификаттар мен бағалар алады. Бұлар - әрбір студент үшін өте маңызды құжаттар.

### **Модерация процесі**

Орыс және қазақ тіліндегі бағдарлама бойынша оқып білім алатын, ІВ ұйымы сертификатын алуға үміткер студенттері ІВ ұйымында 10-шы сыныпта қазан айының ортасынан бастап тіркеледі (өздері оқып үйреніп жатқан барлық пәндер бойынша).

1. Жыл барысында студенттерді әр пән бойынша ұстанымдарға сәйкес бағалайды.
2. Наурыз айына қарай әр пән бойынша жұмыс үлгілері студент портфолиосына жинақталады да, ІВ ұйымына модерациялауға жіберіледі. Модерация - нәтижесінде барлық пәндер бойынша бекітілген ұстанымдар бойынша қойылатын бағамен мектеп мұғалімдерінің қойған бағасын салыстыру процесі. ІВ ұйымы модераторлары МҮР бағдарламасымен оқытатын мектептің әрбір жұмысын студенттің алған бағасымен сәйкестігін салыстыра отырып тексереді (Бәрінен бұрын олар әр мұғалімнің ұпай санын арттыру немесе кеміту жағына қарай отырып, бағалау жүйесін тексереді (ІВ ұйымы бекітілген ортақ ұстанымдарға сәйкес). Егер бағалар дұрыс қойылмаса модераторлар ары қарай студенттердің үлгерімі деңгейін төмендету немесе көтеру туралы сұрақты шешеді.
3. ІВ ұйымы жұмысты модерациялап жатқан кезде, студенттер әдеттегі режимде жұмыс істейді. Оқу жылының соңына қарай мұғалімдер пән бойынша студенттің тегеуріні мен табыстар деңгейін көбірек көрсететін ұстанымдар бойынша бағалайды. Ұстанымдар бойынша қорытындылаушы бағалар есептелінеді және ІВ ұйымына қарастыруға беріледі.
4. ІВ модерациясы нәтижесі бойынша әр студент үшін пәндер бойынша жалпы қорытындылаушы ұстанымдарды анықтайды/белгілейді. Тек осыдан кейін ғана әр пән бойынша 1-ден 7-ге дейінгі жеке бойынша қорытындылаушы бағасы қойылады. Бұл бағалар әр студентке берілетін МҮР сертификатына түседі.

### **МҮР бағдарламасы бойынша үлгерім табелі**

ІВ ұйымында тіркелген және пән бойынша қойылған қорытындылаушы бағалар көрсетіледі. Студенттердің көпшілігі МҮР бағдарламасы курсына толық өтеді, және олар бұл жағдайда үлгерім тәбіліне белгіленетін 8 пән бойынша, Жеке Жоба бойынша бағаларын алады.

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

Үлгерім тәбілінде тағы да «Қызмет ету және Қоғам» пәні бойынша аттестациясы қойылады. Үлгерім табелін МҮР бағдарламасы бойынша курсты аяқтаған, ІВ-ге тіркелген әрбір студент алады. Мектеп студенттің тіркелгені жайлы, олардың талапты орындағаны немесе орындамағанына қарамастан ІВСА-ны хабарландыруға міндетті.

## **МҮР сертификаты**

**МҮР-дің ең жоғары марапаты болып табылатын МҮР сертификатын алу үшін студент келесі шарттарды орындауы тиіс:**

- МҮР бағдарламасы бойынша курс аяқталғанға дейінгі соңғы екі жылда оқуы тиіс;
- МҮР бағдарламасы бойынша 8 пәннің ең болмағанда біріне тіркеліп, одан кем дегенде 2 бағалау деңгейін алуы тиіс;
- Жеке Жобасы үшін 3 бағалау деңгейін алуы тиіс;
- 8 пән тобынан және Жеке Жобасы бойынша қосып алғанда, кем дегенде (минимум) жалпы 36 ұпай (мүмкін болатын 63-тен) алуы тиіс;
- Мектепте бекітілген «Қызмет ету және Қоғам» бағдарламасын орындауы тиіс.

**МҮР бағдарламасы бойынша соңғы 2 жыл оқыған, бірақ МҮР сертификатын алмаған студенттер МҮР бағдарламасы бойынша үлгерім тәбілін алады.**

Мектеп ІВ үлгерім тәбілі мен МҮР сертификатын модерациялау процесі кезінде қазан айы немесе қараша айында алады және студенттердің қолдарына тапсырады.

## **ІВ тіркелу жарнасы**

Мектеп әр студенттің барлық тіркелу жарнасын төлейді.

### *Емтихандар*

МҮР бағдарламасы аясында ешқандай да сырттан болатын бағалау қарастырылмаған, бұдан шығатыны ешқандай да формалды түрде болатын емтихан қарастылмаған. Дегенмен, осыған қарамастан, біз келесі мақсаттарды басшылыққа аламыз:

- Студенттердің ҰБТ немесе ІВ Дипломдық бағдарлама емтихандарын тапсырған кезде қажет болатын емтихан тапсыру дағдысын қалыптастыру.
- Студенттердің оқу жылы барысында орындайтын жұмысына деген қарым-қатынасын бақылау.
- МҮР бағдарламасының формалды бағалауының негізгі элементтерін әрбір жеке пән бойынша алу мүмкіндігін ұсыну.
- Студенттерді барынша егжей-тегжей бағалау үшін пән мұғалімдеріне уақыт беру.

Емтихандар МҮР бағдарламасы қарастыратын пәндік ұстанымдар бойынша бағаланатын тапсырмаларды қамтиды.

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

Бұл емтихандар оқу жылына әзірленген бағалаудың жалпы жүйесінің бір бөлігі болып табылады және де оқу процесін тиімді басқару сияқты оның басты принципіне сәйкес келеді, оның нәтижесі соңғы өнім емес, мақсаттары ретінде қолданылады.

Емтиханға қандай да бір себеппен қатыспаған студенттер оған басқа уақытта жіберілмейді; емтихан уақыты барлық студенттер үшін тағайындалады және оның уақыты өзгертілмейді.

### **Студенттер үлгерімі туралы есеп**

Студент үлгерімі туралы есеп немесе репорттар жылына 4 рет қолға беріледі: әр тоқсан соңында - қазан мен наурыз айларында - қысқаша есеп, ал желтоқсан мен мамырда – барынша толық берілетін қорытынды есептер.

Бірінші және екінші тоқсан соңында берілетін, Ф4 форматына толтырылған репорттар әр пән бойынша мұғалім студенттен күтетін деңгейге сәйкес студент жетістігі деңгейі көрсетіледі және сынып жетекшісінің түсіндірмесі беріледі. Осындай қосымша ішкі репорттар ата-анаға олардың өтініші бойынша немесе қажет болған жағдайда берілуі мүмкін. Әр жарты жылдың соңында берілетін репорттар студент үлгеріміне жасалған барынша егжей-тегжейлі сараптаманы мазмұндайды, сондай-ақ семестрде қол жеткізген нәтижелері бойынша әр пән мұғалімінің және сынып жетекшісінің түсіндірмесі беріледі (10 сынып репортын сондай-ақ Жеке Жоба бойынша студенттің супервайзері толтырады). Мамыр репортында үлгерім деңгейін көрсететін 1-ден 7-ге дейінгі жетілік меже бойынша ІВ қорытындылаушы бағасы қойылады, мұнда студенттің жыл бойында тұтас алғандағы әр пән бойынша үлгерімі көрсетіледі.

### **Студент Келбеті**

Студент Келбеті - ІВ ұйымы үш бағдарламасының өзегі болып табылады. Сынып жетекшісі мен пән мұғалімдері студенттердің дамуын «Студент Келбеті» құжатында баяндалған ережелерге сүйене отырып бақылайды. Жарты жылдықтың соңында сынып жетекшісі студенттің қайсыбір кезеңдегі жетістігін қадағалау үшін «Студент Келбетіне» сүйене отырып репортты толтырады.

### **Оқытуға жасалатын қадамдар**

Пән мұғалімдері пән негіздері бойынша білімдерін сабақ үстінде тексеру арқылы студент білімін бақылайды. Жарты жылдықтың соңында пән мұғалімі осы уақыт аралығында алған дағдысын үш деңгей бойынша бағалайды: күтілетін деңгейге сәйкес, күтілетін деңгейге жақын, күтілетін деңгейден төмен.

### **Қызмет ету және Қоғам**

Әр студенттің «Қоғамға қызмет ету» әрекетін сынып жетекшісі қадағалайды, сондай-ақ үлгерім туралы репорттарда жеке жазба түсіріледі.

### **Жетістік деңгейі мен бағалар**

МҮР бағдарламасы бойынша оқитын студенттер білімі мектебімізде жинақталып жылына екі мәрте, яғни әр жартыжылдық соңында бағаланады. Мектеп репорттарының бағалау жүйесі ІВ ұйымында бекітілген әр пән бойынша ұстанымдарға негізделген. Нақты ұстанымдар

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

бойынша жетістіктермен тең болатын екінші жартыжыл соңында берілетін әр репортта 1-ден 7-ге дейінгі меже бойынша қорытынды бағалар көрсетіледі.

Бірінші семестр барысында студенттер білімін әр ұстаным бойынша үш рет бағалау үнемі мүмкін бола бермейтінін атап өту керек. Бұл бағалау ұстанымдарының көптігін ескере отырып, аптасына 1-2 мәрте сабақ жүргізетін пән мұғалімдері үшін аса өзекті болып есептелінеді. Оқу перспективалары тұрғысынан қарағанда, кейде студенттің түсінігін дамыту және жетілдіруге көмектесетін нақты ұстанымдарға тоқталған дұрыс болады. Мысалы, бірінші семестрдің барысында ұстанымдар түгелдей 100 %-ға орындалмайды, ал жыл соңында көрсеткен білімі мен дағдысы негізінде баға қойылады.

Жарты жылдың барысында студент кем дегенде әр ұстаным бойынша үш мәрте бағаланады. Төменде А ұстанымы бойынша жетістіктер деңгейін анықтау үлгісі көрсетілді.

Мысал

Ұстаным	Жетістіктер деңгейі	Жартыжылдағы жетістіктердің суммарлы деңгейі
А	3 4 6 6 4 8	6

Семестр үшін қойылатын баға – бұл орташа арифметикалық емес, студенттің осы уақыт аралығында көрсете білген даму динамикасы, оның өрлеуін бағалау болып табылады!

Мектеп журналдарындағы формативті бағалау бойынша қойылған бағалар МҰР пәні спецификалық ұстанымдарына негізделген. Білім туралы қазақстандық талаптарға сәйкес журналдағы бағалар, негізінен, Білім мен Түсінікке негізделген. Біздің мектебімізде МҰР бағдарламасының әр пәні қазақстандық бағалау жүйесімен сәйкес нақты ұстанымдары болатын қол жеткізген деңгейді салыстыру үшін қолданылады.

Орыс тілді бағдарлама мұғалімдері жетістіктер деңгейін Қазақстандық стандарттарға сәйкес бейімдейді және бағаларын қояды, қазақстандық құжаттарға (журналдар, тәбилдер) баға қою үлгісі төменде берілген.

Қазақстандық стандарттарға сәйкес бағалау	МҰР жетістіктер деңгейі		
	Ең жоғарғысы 10	Ең жоғарғысы 8	Ең жоғарғысы 6
1	0 - 2	0 - 1	0 - 2
2	3 - 4	2	3
3	5 - 6	3 - 4	4
4	7 - 8	5 - 6	5
5	9 - 10	7 - 8	6

### Академиялық әділеттілік

Біз студенттеріміздің академиялық әділеттіліктің жоғары стандарттарына сәйкес келгенін қалаймыз. Бұл - әрбір студент академиялық әділетсіздіктің не екенінін, авторлықтың шынайылығын қалай орнықтыруға болатынын, зияткерлік меншіктің мәнін білу, плагиаттың мәнін айқын түсінуі тиіс дегеніміз. Мектеп тиімді әрі сапалы түрде жазба

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

жұмыстарын және зерттеу жүргізуге, басқа студенттермен бірлесіп жұмыс істеуге қажетті тәжірибелі кәсіп иелерінің білім беруі және қолдау көрсетуі арқылы оқу қызметінің барлық саласында академиялық әділеттілікті дамытады.

Студенттердің «адалдық», «ой-пікір түпнұсқасы», «зияткерлік меншікке деген құрмет» түсініктерін сезінгені және түсінгені аса маңызды, олардың барлығы өз еңбегі мен өзгелердің еңбегіне деген адал қарым-қатынастың ажырамас белгісі болып табылады. Олар сондай-ақ әділетсіздік, плагиат ешқашан лайықты түрде қабылданбайтынын түсінуі керек.

Барлық 9 және 10 сынып студенттеріне біз Академиялық Әділеттіліктің Саясатын ұсынамыз, және де біз Студенттер онда көрсетілген тәртіп стандарттарын сақтайтын болады деп есептейміз.

### **Академиялық әділетсіздік деген не?**

Біреудің зияткерлік меншігін өзінікі етіп көрсету.

Төменде берген анықтамамыз сіздерге әділеттілік пен әділетсіздіктің арасындағы айырмашылықты білуге көмектеседі.

### **Плагиат**

- Басқа адамның жұмысын көшіріп алу және оны өзінің зияткерлік өнімі ретінде ұсыну;
- БАҚ және кітаптарынан материалдарды көшіру;
- Интернеттен материалды кесіп алып керек жерге қою;
- Жұмысты орындауға осы ақпаратты көрсетпестен басқа адамдарды тарту

### **Келісіп алу**

- Басқа студентке өзіңіздің орындаған жұмысыңызды көшіріп алу немесе баға алу үшін беру;
- Басқа студентке өзіңіз орындаған тапсырманың нақты көшірмесі болатындай етіп тапсырмасын орындауға көмектесу;
- Жеке жұмысты орындау кезінде оны жазуға басқа студентті тарту немесе екі адамға да бір нұсқаны өткізу.

Барлық жағдайда екі студент те келісіп алғаны үшін кінәлі деп саналады.

### **Жұмыстың көшірмесі**

- Бір жұмысты бірнеше рет (бұл жерде аз ғана түзетулер енгізе отырып) бағалаудың бірнеше түріне ұсыну

### **Академиялық әділеттілік ереже бойынша тыйым салынады:**

- Емтиханға тыйым салынған материалды алып бару.
- Емтихан кезінде өзін лайықты ұстамау.
- Басқа студенттердің материалдарын алу.
- «Қызмет ету және Қоғам» ӨӘС бойынша есепке фиктивті жазба түсіру

### **Кездейсоқ әділетсіздікті қалай болдырмауға болады?**

- Егер сіз біреудің сөзін немесе ой-пікірін қолдансаңыз, дұрыс сілтеме келтіріңіз.

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

- Егер сіз басқа студенттің жұмысын пайдаланып жұмыс істесеңіз, онда ынтымақтастығыңызға сілтеме келтіріңіз.
- Интернеттен материалдарды көшіріп уақытты үнемдедім деп есептемеңіз. Көшіру жұмысы екендігін [Turnitin.com](http://Turnitin.com) арқылы жазбаша жұмыста плагиаттың орын алғанына тексеруге болады.

### **Заңсыз әрекеттер**

Мектеп «академиялық әділетсіздік» анықтамасына дәл түсетін кез келген тәртіпті қарастырады, жоғары қараңыз, бұл ойланып барып жасалған заңсыз әрекет болып табылады. Академиялық әділеттілікті қолдау студенттің міндетіне кіреді. Мұғалімдер жұмыстың студент еңбегінің нәтижесі екендігін анықтауы тиіс. Бұл процедура академиялық әділеттілік философиясын қолдауға бағытталған.

1. Студенттердің Мираста қолданылатын Заманауи Тіл білімі Қауымдастығының цитаталарды жазу стилдерімен таныс екендігіне көз жеткізу тиіс.
2. 'Turnitin' сайтының көмегімен пайдаланатын цитаталардың плагиатты тексеру және түзету үшін пайдалануы қажет.
3. Студенттермен сөйлесе отырып, жұмыстарында пайдаланатын цитаталарда дәл емес, немесе басқа әдебиеттерден көшірілген, болмаса мазмұны сөзбе сөз көшірілген жағдайдың болуын анықтауы тиіс.
4. Студенттің өзі өз мәселесін өзі шешуге тырысып көруі және жұмысын 'Turnitin' сайтына қайта салып көруі қажет. Студент жөнделген, дұрысталған нұсқасын ұсына алуы үшін мұғалім бастапқы тапсырманы алып тастауы қажет.
5. Егер ұсынылатын жұмыс қайтадан күмәнді болатын болса, онда ІВ МҮР үйлестірушісі бұл мәселенің себебін іздестірудің жауапкершілігін алады да, ІВ орнықтырылған шартты ережелерді негізге ала отырып академиялық әділеттілікті бұзуға қатысты әрекет етеді.
6. Егер ІВ МҮР үйлестірушісі студенттің заңсыз әрекеттеріне жасалатын қатаң қарым-қатынасты байсалды түрде қабылдамайтынын сезетін болса, онда бұл мәселе мектеп директорымен шешілетін болады.

Егер мұғалім хаттың стилі қандай да бір жолмен өзгеріп кеткендей болып көрінетін болса, онда кандидатқа қатысты тексеру жұмыстары және түпнұсқалықты анықтау үшін жұмысқа салыстыру сараптамасы жүргізіледі. Ары қарай бұл МҮР үйлестірушісі басшылығына өтеді, ол мүдделі тараптардың кездесуін ұйымдастырумен айналысады.

### **Заңсыз әрекеттерді реттеу процедурасы:**

Мұғалім МҮР үйлестірушісі мен ата-ананы кез келген академиялық әділетсіздік жағдайды түсіндіретін сәйкес хатпен алдын ала хабардар ете отырып, мәселені шешеді. Жұмыс қайта қарастырылады. Ешқандай да қосымша баға қойылмайды.



Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

Студенттің кез келген заңсыз әрекеті анықталған жағдайда, студентке салдары болатын жаза тағайындалады, ол мектептегі сабақтарға үш күнге жіберілмей жазаланады, өз жұмысы үшін 0 бағасын алады. Заңсыз әрекет жасауы студенттің жеке іс парағына енгізіледі.

Қажет болған жағдайда ІВ ұйымына заңсыз әрекет жасаған жағдайы туралы хабарлама жіберіледі. Негізгі мектептің барлық қызметкерлері бұл туралы ақпараттанады.

### **Қорытынды модерациялауға ұсынылған жұмыстың түпнұсқа екендігі туралы**

Мектеп жауапкершілігіне барлық модерациялық жұмыстарды тексеру кіреді.

*Мектеп студенттің тәртібі қарастырылған ережелерге сәйкес болуын қадағалап отыру ісіне МҮР үйлестірушісі арқылы жауапкершілік атқарады. Қорытынды бағалауға арналған жұмысты түгелдей студенттің өзі орындағаны өте маңызды. Егер мектеп жұмыстың түпнұсқа екендігіне күмән келтіретін болса, онда істің мән-жайы анықталғанша нәтижелері жарияланбайды.*

*Мектептің міндетіне ІВ ұйымында бағасы бекітілетін студенттердің түпнұсқа жұмыстарын ұсыну ғана кіреді.*

*Мектеп ІВ ұйымынан баға алу үшін үміткерлер ретінде тіркелген студенттер орындаған жұмыс үлгілерін жібереді, осындай процедура тіркелмеген студенттер үшін де қарастырылған*

**МҮР бағдарламасы үйлеструшілеріне арналған басшылық 2007-2008**

Қорытынды бағалау үшін тапсырманы қабылдауға болатындығы немесе болмайтындығы МҮР бағдарламасы үйлестірушілері шешіміне байланысты болады. Егер мұғалім жұмыстың түпнұсқа еместігін тексеріп, оған дәлел келтіретін болса, онда студент жетістігі деңгейіне қойылған баға есептелінбейді.

### **Кеңес беру бөлімі**

Мектепте кәсіби даму бойынша кеңесші жұмыс істейді. Оның міндеттерінің қатарына университетке түсу, келешек карьераларын жоспарлау мәселелеріне қатысты оқушылардың сұрақтарына ұсыныстар беру, университет өкілдерін шақыру және тегеурінді студенттердің тізімін құрастыру, мектеп студенттеріне/қызметкерлеріне жеке сұраныстары бойынша кеңес қызметін көрсету, кәсіби бағдар алу бағдарламасын дамыту, студенттердің басқа елдердің университеттеріне түсуге өтініш беру, мәселен **SATS, IELTS** сияқты сыртқы емтихандарды тапсыруға ұмтылысын қолдау кіреді.

### **МҮР мұғалімдер құрамы**

Мектепте қазақстандық және шетелдік мамандарды қамтитын халықаралық мектептің біліктілігі жоғары педагогикалық ұжымының қалыптасуына үлкен мән беріледі.

Олар тек өз пәндері бойынша сабақ беріп қана қоймай, сондай-ақ Өзара Әрекеттесу үйлестірушілері, сынып жетекшілері ретінде жұмыс істейді, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырумен айналысады.

Мирас мектебі өзгерістер болып отыратын МҮР бағдарламасы стандартына сәйкес болу және МҮР бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін басқа халықаралық мектеп базасында жинақтаған ой-пікірлер мен тәжірибелерді барынша іске асыру үшін жыл сайын өзінің мұғалімдерін әлемнің әр елдерінде Халықаралық Бакалавриат ұйымдастыратын кәсіби даму

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

бойынша семинарларға жіберіп отырады. Оған қоса, оқу бағдарламасының дамуы мен жетілдіруі бойынша жұмыстарды үнемі жүргізіп отырады.

Орта мектеп басшылығы

Мектеп директоры	Ирина Рамильевна Власянц	<a href="mailto:mirashead@almaty.miras.kz">mirashead@almaty.miras.kz</a>
Бағдарламалар дамуы бойынша директордың орынбасары	Дана Төребекқызы Әшірбекова	<a href="mailto:d_ashirbekova@almaty.MIRAS.kz">d_ashirbekova@almaty.MIRAS.kz</a>
Негізгі мектеп бойынша директордың орынбасары (ағылшын тілді оқыту бағдарламасы)	Нил Крик	<a href="mailto:n_creek@almaty.miras.kz">n_creek@almaty.miras.kz</a>
Негізгі мектеп бойынша директордың орынбасары (орыс тілді оқыту бағдарламасы)	Елена Георгиевна Владиминова	<a href="mailto:e_vladimirova@almaty.miras.kz">e_vladimirova@almaty.miras.kz</a>
Негізгі мектеп бойынша директордың орынбасары (қазақ тілді оқыту бағдарламасы)	Жәмилә Мажитқызы Кеншінбаева	<a href="mailto:z_kenchenbaeva@almaty.miras.kz">z_kenchenbaeva@almaty.miras.kz</a>
Студенттер деканы	Алла Владимирована Курбанова	<a href="mailto:a_kurbanova@almaty.miras.kz">a_kurbanova@almaty.miras.kz</a>

### **А қосымшасы**

#### **Пәндер бойынша ұстанымдар**

#### **А тілі**

А Мазмұны Жоғарғысы 10

В Ұйымдастыру Жоғарғысы 10

С Стиль және тілді қолдану Жоғарғысы 10

#### **Гуманитарлық ғылымдар**

А Білім Жоғарғысы 10

В Концепциялар Жоғарғысы 10

С Дағдылар Жоғарғысы 10

D Ұйымдастыру және презентация Жоғарғысы 8

#### **Ғылым**

А Бір әлем Жоғарғысы 6

В Ғылымдағы қатынас Жоғарғысы 6

С Білім және ғылым туралы түсінік Жоғарғысы 6

D Ғылыми зерттеу Жоғарғысы 6

E Мәліметтерді өңдеу Жоғарғысы 6

F Ғылымға ұмтылу Жоғарғысы 6

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

### **Математика**

- A Білім және түсіну Жоғарғысы 8
- B Мысалдарды оқып үйрену Жоғарғысы 8
- C Математикадағы қатынас Жоғарғысы 6
- D Математикадағы көрініс Жоғарғысы 6

### **Компьютерлік технологиялар**

- A Зерттеу Жоғарғысы 6
- B Дизайн Жоғарғысы 6
- C Жоспар Жоғарғысы 6
- D Жасау Жоғарғысы 6
- E Бағалау Жоғарғысы 6
- F Технология пәніне қарым-қатынас Жоғарғысы 6

### **Дене тәрбиесі**

- A Білімді қолдану Жоғарғысы 8
- B Қозғалыс композициясы Жоғарғысы 6
- C Орындау Жоғарғысы 10
- D Қоғамдық білімдер және жеке тартылуы/қызығушылығы Жоғарғысы 8

### **Арт, драма және музыка**

- A Білім және түсіну Жоғарғысы 8
- B Пайдалану Жоғарғысы 10
- C Көрінуі және бағалауы Жоғарғысы 8
- D Артисттік сана және жеке тартылуы/қызығушылығы Жоғарғысы 8

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

**Байланыстар:**

Мектеп директоры

Ирина Рамильевна Власянц

e-mail: [mirashead@almaty.miras.kz](mailto:mirashead@almaty.miras.kz)

Әкімшілік хатшы

Алина Титова

Тел: 2551025

Негізгі мектеп офисі/ негізгі мектептегі офис-менеджер

e-mail: [secretary@almaty.miras.kz](mailto:secretary@almaty.miras.kz)

Тел: 2551025

Негізгі мектеп бойынша директордың орынбасары  
(ағылшын тілді оқыту бағдарламасы)

Нил Крик

e-mail: [n\\_creek@almaty.miras.kz](mailto:n_creek@almaty.miras.kz)

Тел: 2551025 ішкі 117

Негізгі мектеп бойынша директордың орынбасары  
(орыс тілді оқыту бағдарламасы)

Владиминова Елена Георгиевна

E-mail: [e\\_vladimirova@almaty.miras.kz](mailto:e_vladimirova@almaty.miras.kz)

Тел: 2551025 ішкі 120

Негізгі мектеп бойынша директордың орынбасары  
(қазақ тілді оқыту бағдарламасы)

Кеншінбаева Жәмилә Мажитқызы

E-mail: [z\\_kenchenbaeva@almaty.miras.kz](mailto:z_kenchenbaeva@almaty.miras.kz)

Мектептің веб сайты:

[www.MIRAS.kz](http://www.MIRAS.kz)

Мектептің мекенжайы:

Халықаралық «МИРАС» мектебі

050043

Алматы, әл Фараби көшесі 190

Қазақстан Республикасы

алықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.

School Calendar for 2012-2013 academic year (Miras IS, Almaty)																																																			
Month	M	T	W	T	F	M	T	W	T	F	M	T	W	T	F	M	T	W	T	F	M	T	W	T	F	S	Students/OP students	Teachers Days	Days																						
August, 12			1	2	3	6	7	8	9	10	13	14	15	16	17	20	21	22	23	24	27	28	29	30	31						1/1	16	First Semester																		
September	3	4	5	6	7	10	11	12	13	14	17	18	19	20	21	24	25	26	27	28							20	20																							
October	1	2	3	4	5	8	9	10	11	12	15	16	17	18	19	22	23	24	25	26	29	30	31				18	18																							
November				1	2	5	6	7	8	9	12	13	14	15	16	19	20	21	22	23	26	27	28	29	30	3	22	23																							
December	3	4	5	6	7	10	11	12	13	14	17	18	19	20	21	24	25	26	27	28	31						10	10	71																						
January, 13		1	2	3	4	7	8	9	10	11	14	15	16	17	18	21	22	23	24	25	28	29	30	31		26	18	18	Second Semester																						
February					1	4	5	6	7	8	11	12	13	14	15	18	19	20	21	22	25	26	27	28		16	20	21																							
March					1	4	5	6	7	8	11	12	13	14	15	18	19	20	21	22	25	26	27	28	29		14	14																							
April	1	2	3	4	5	8	9	10	11	12	15	16	17	18	19	22	23	24	25	26	29	30				20	22	23																							
May			1	2	3	6	7	8	9	10	13	14	15	16	17	20	21	22	23	24	27	28	29	30	31		21	21		97																					
June	3	4	5	6	7	10	11	12	13	14	17	18	19	20	21	24	25	26	27	28							2/7	12																							
<b>Total (days)</b>																																																			
																																																168/173	196		

**Key dates**

- National holidays
- School Holidays

- 1 term 31 August-19 October
- 2 term 29 October - 14 December
- 3 term 8 January- 15 March
- 4 term 26 March - 4/11 June

- 1 Semester 31 August - 14 December
- 2 Semester 8 January - 4/11 June
- 4 June Last bell Ceremony (Whole School)
- 13 August Whole Staff first day
- 31 August First bell

- 30 August - Constitution Day
- 26 October - Kurban Ait
- 17-18 December - Independence Day
- 7 January - Orthodox Christmas
- 8 March - International Womans Day
- 21-23 March - Nauryz
- 1 May - Unanimity Day
- 9 May - Victory Day

- 3 November - Sport Day
- 26 January - Sport Day
- 16 February Winter Fun Fair
- 20 April - Nauryz

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ.